



АТЫРАУ
UNIVERSITY

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№1-2 (155-156)
Сәуір, 2026 жыл



143 жасы



ХАЛЕЛ
ДОСМУХАМЕДОВ

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ: ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ

24 сәуір – Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, дәрігер, ғалым және ұстаз Халел Досмұхамедұлының туған күні. Халел Досмұхамедұлы 1883 жылы Атырау облысының Қызылқоға ауданындағы Тайсойған өңірінде дүниеге келген. Ол – қазақ халқының тағдыры сынға түскен күрделі кезеңде елінің азаттығы мен рухани дамуы жолында аянбай еңбек еткен бірегей тұлға.

Халел Досмұхамедұлы – қазақ халқының тағдыры сынға түскен тарихи кезеңде елдің азаттығы мен рухани жаңғыруы жолында аянбай еңбек еткен ірі тұлғалардың бірі. Ол тек саяси қайраткер ғана емес, ұлттық ғылым мен білімнің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан әмбебап ғалым ретінде де тарихта өшпес із қалдырды. Саналы ғұмырын халық игілігіне арнаған Халел Досмұхамедұлы медицина, биология, тіл білімі, тарих және этнография салаларында құнды еңбектер жазып, қазақ ғылымының дамуына зор серпін берді. Оның ғылыми мұралары сол кезең үшін ғана емес, бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоймай, ұлттың рухани қазынасына айналып отыр. Алаш қозғалысы тұсында ол ұлттық автономия идеясын қолдап, қазақ елінің дербестігі мен тұтастығын сақтау жолында күресті. Халел Досмұхамедұлының қоғамдық-саяси қызметі оның елжандылық болмысын, ұлт болашағына деген шынайы жанашырлығын айқын көрсетеді. Ұстаз ретінде де ол жас ұрпақтың білімді, саналы, отаншыл болып қалыптасуына ерекше көңіл бөлді. Оның ағартушылық қызметі мен ғылыми ізденістері қазақ қоғамының жаңғыруына негіз болды.

Бүгінде Халел Досмұхамедұлының есімі ел жадында мәңгі сақталып, оның еңбектері мен мұрасы кейінгі ұрпаққа үлгі болып келеді. Оның өмір жолы – отансүйгіштік пен адал қызметтің, білім мен парасаттың жарқын көрінісі. Ұлт тарихында өшпес із қалдырған ұлы тұлғаның өнегелі ғұмыры – бүгінгі және келер ұрпақ үшін мәңгілік тағылым.

Мәдениетіміздің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетіледі. Білімді жұрттардың тілі бай болады.
Х. Досмұхамедұлы



ATYRAU.EDU.KZ



MEDIA@ASU.EDU.KZ



ATYRAU_UNIVERSITY



ATYRAU_UNIVERSITY

Международное сотрудничество в действии: роль кафедры журналистики АУ в подготовке кадров для Казахстана

В условиях расширения партнерства между Россией и Казахстаном в гуманитарной и информационной сферах особенно показательным является плодотворное сотрудничество между Астраханским государственным университетом имени В. Н. Татищева (АГУ) и Атырауским университетом имени Х. Досмухамедова. Ключевую роль в этом взаимодействии на протяжении многих лет играет кафедра журналистики и медиакоммуникаций АГУ под руководством Галины Сергеевны Белолипской, доцента, кандидата филологических наук, члена Союза журналистов России.

Начало системной работы: от экспертных встреч к академической мобильности

Взаимодействие началось в марте 2018 года, когда Галина Белолипская была приглашена на международную экспертную встречу «Право и медиа в Каспийском регионе: основы и перспективы сотрудничества» в рамках председательства Атырауского университета в Ассоциации государственных университетов прикаспийских стран. На этой экспертной встрече представитель АГУ приняла участие в секции «Потенциал и предпосылки для сотрудничества в медиапространстве Каспийского региона», выступив с докладом, материал которого лег в основу научной статьи «Перспективы развития медиакоммуникаций в Прикаспийском регионе», опубликованной в журнале «Вестник Атырауского государственного университета» (№3, 2018 г.). Именно тогда состоялась встреча с заведующей кафедрой журналистики Атырауского университета, победительницей грантового конкурса Министерства науки и образования Республики Казахстан по научным и научно-техническим проектам на 2018–2020 годы Маншук Мукашевой. По итогам работы секции было заключено дополнительное соглашение о сотрудничестве между вузами в области образовательной деятельности по направлению «журналистика» в рамках действующего меморандума, подписанного ранее между Атырауским государственным университетом и Астраханским государственным университетом. В результате достигнутых договоренностей в 2018 году в АГУ по программе академической мобильности приехали учиться студенты-журналисты из Казахстана.

Сотрудничество двух кафедр проявилось в стремлении выпускать конкурентоспособных медиаспециалистов. Например, студенты из Казахстана, обучающиеся в АГУ, успешно проходили практику в местных изданиях «Тумба», «Лада», «Прикаспийская коммуна», на атырауском и актауском телевидении. Выпускные квалификационные работы этих студентов затрагивали актуальную проблематику современного функционирования СМИ Казахстана и России.

Экспертиза на международном уровне и расширение горизонтов

В 2020 году Галина Белолипская выступила внешним рецензентом разработанной в атырауском вузе образовательной программы бакалавриата «Журналистика и информация», отметив современность и востребованность образовательных технологий, предложенных коллегами.

28 августа 2020 года заведующая кафедрой теории и истории журналистики АГУ Галина Белолипская приняла участие в международной научно-практической онлайн-конференции «Независимость и этапы конституционного развития Казахстана (1991–2020 гг.)». В ходе мероприятия представитель астраханского вуза рассказала об опыте сотрудничества с кафедрой журналистики Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова и перспективных планах его дальнейшего развития.

Авторитет астраханской кафедры и ее руководителя вышел за рамки двусторонних отношений. В сентябре 2020 года представитель АГУ стала экспертом Казахстанского Медиа Альянса. Завкафедрой теории и истории журналистики Астраханского государственного университета Галина Белолипская приняла участие в открытом обсуждении документа «Базовые принципы медиа в Казахстане. Дискуссия, инициированная представителями Казахстанского Медиа Альянса, про-

ходила в онлайн-режиме, что позволило привлечь к процессу мировую общественность. «Базовые принципы медиа — это предельно точно сформулированные профессиональные стандарты, нормы профессиональной этики в условиях развития социальных сетей и новых каналов распространения информации. Они лягут в основу системы саморегулирования, на которой будет базироваться медиaprактика в Казахстане», — прокомментировала Галина Белолипская. Ее участие в открытом обсуждении «Базовых принципов медиа в Казахстане» продемонстрировало высокий уровень доверия к методологической школе АГУ и ее способности влиять на формирование профессиональных стандартов в соседней республике.

Кафедра последовательно укрепляла научные связи. В 2023 году Галина Белолипская вновь приняла приглашение атырауских коллег и выступила на международной конференции «Молодёжь и наука: сегодня и будущее». В секции, посвященной казахскому просветителю Султанмахмуту Торайгырову, она представила доклад «Подготовка медиаспециалистов в условиях полиэтничного региона». В своем выступлении руководитель кафедры АГУ подчеркнула важность учета роли региональной прессы в сохранении стабильности приграничных территорий — ключевой тезис, который лег в основу дальнейшей образовательной стратегии.

Новый этап: подготовка магистров и стратегическое партнерство

Результатом многолетней работы кафедры под руководством Г. С. Белолипской стал запуск масштабной образовательной инициативы. В сентябре 2023 года на кафедру журналистики и медиакоммуникаций АГУ по магистерской программе «Медиа технологии в креативных индустриях» поступили 12 представителей казахстанских СМИ, преподавателей и медиаспециалистов.

Кульминацией этого проекта стала защита магистерских работ, прошедшая в феврале 2026 года в уникальном формате круглого стола «Медиапространство Казахстана: современные тенденции и перспективы развития». Мероприятие, организованное кафедрой АГУ, приобрело статус события международного уровня. В нем приняли участие министр внешних связей Астраханской области Владимир Головкин и Генеральный консул Республики Казахстан Канат Хасенов.

Высокий уровень подготовки магистрантов, среди которых были корреспонденты и преподаватели из Атырау (Амандык Абдулов, Жулдыз Тлеухан, Мерует Ахонова), был отмечен не только официальными лицами, но и профессиональным сообществом. Заведующая кафедрой АГУ получила благодарность от Атырауского областного филиала Союза журналистов Казахстана «за неоценимую поддержку в деле профессионального развития коллег и важный вклад в укрепление международного гуманитарного сотрудничества».

Помимо образовательной деятельности, кафедра выступает инициатором совместных гуманитарных проектов. В мае 2025 года под руководством Галины Белолипской были проведены круглый стол «Победа одна на всех» и презентация медиапроектов «И помнит мир спасенный» с участием ректора Атырауского университета Саламата Идрисова и деятелей культуры Казахстана, что подтверждает: сотрудничество вышло за рамки учебного процесса и стало важной частью культурного диалога двух стран.

Қазақстан-Әзербайжан білім мен ғылымдағы жаңа серіктестік

Х. Досмухамедұлы атындағы Атырау университетінде «Қазақстан-Әзербайжан жоғары оқу орындарының ынтымақтастығы: өңірлік аспект» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел өтті. Іс-шара екі ел арасындағы білім беру, ғылыми-экономикалық және мәдени байланыстарды нығайту мақсатында ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстелдің ашылуында университет ректоры Саламат Идрисов кіріспе сөз сөйледі өз сөзінде ректор Қазақстан мен Әзербайжан университеттері арасындағы серіктестіктің стратегиялық маңызын атап өтті. Білім мен ғылым саласындағы халықаралық байланыстарды нығайту екі елдің жоғары оқу орындары үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынын, бірлескен ғылыми зерттеулер мен академиялық ұтқырлық бағдарламаларының дамуына жол ашатынын жеткізді. Сонымен қатар мұндай кездесулер тәжірибе алмасуға, ортақ жобаларды жүзеге асыруға және білім беру кеңістігіндегі серіктестікті жаңа деңгейге көтеруге ықпал ететінін атап өтті. Қазақстан мен Әзербайжан университеттері арасындағы серіктестіктің стратегиялық маңызын атап өтті. Шараға онлайн форматта қосылған Сумгаит мемлекеттік университетінің ректоры Аминага Бахман оглы Садыгов сөз сөйлеп, екі елдің жоғары оқу орындары арасындағы өзара ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған бастамалардың маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ басшысы Ләззат Жылқышиева өңірлік деңгейдегі халықаралық ынтымақтастықтың қоғамдық келісімді нығайтудағы рөліне тоқталды.

Сонымен қатар дөңгелек үстелге Әзербайжанның ұлт көшбасшысы, мемлекет қайраткері Гейдар Алиев атындағы шәкіртақы иегерлері қатысты. Айта кетейік, 2012 жылдан бері Х.Досмухамедов атындағы Атырау университетінің 70 студенті Гейдар Алиев атындағы шәкіртақының иегері атанған. Іс-шара барысында спикерлер екіжақты байланыстардың түрлі бағыттарын қамтыған мазмұнды баяндамалар жасады. Университет ректоры Саламат Идрисов Әзербайжанмен білім беру және ғылыми саладағы серіктестіктің даму перспективалары туралы баяндады. Ал Сумгаит мемлекеттік университетінің профессоры, экономика ғылымдарының докторы, UNESҚ Қарабақ экономикалық зерттеу орталығының жетекшісі Шафа Тифлис оглы Алиев Әзербайжан-Қазақстан экономикалық қатынастарының заманауи стратегиялық аспектілеріне талдау жасады. Сонымен қатар Атырау облысындағы «Новруз» әзербайжан этномәдени бірлестігінің төрағасы, Атырау университетінің Құрметті профессоры Эльдар Ахмедов этномәдени ұйымның екі ел арасындағы мәдени байланыстарды дамытудағы үлесіне тоқталды. Сумгаит мемлекеттік университетінің доценті, PhD докторы Юсифали Латиф оглы Гасанов өз сөзінде Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастықтың маңызын атап өтіп, Гейдар Алиев атындағы халықаралық шәкіртақының дәстүрлі түрде тағайындалуын жоғары бағалайтынын жеткізді. Дөңгелек үстел пікір алмасумен аяқталып, қатысушылар тарапынан екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бағытталған бірқатар ұсыныстар талқыланды.

ОБЛЫС ПРОКУРОРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Х.Досмухамедұлы атындағы Атырау университетінде «Заң мен тәртіп» қағидағы аясында Атырау облысының прокуроры Мадияр Басшыбаев ІТ мамандығы студенттерімен кездесу ұйымдастырды. Іс-шараға университеттің ІТ, заң және құқық саласындағы білім алушылары, профессор-оқытушылар мен облыстық прокуратура қызметкерлері қатысты. Кездесуде университет ректоры Саламат Идрисов ІТ бағыты бойынша жетістіктерге тоқталып, жасанды интеллект саласындағы зерттеулер, «AI-Sana» жобасы және ІТ студенттері үшін құқық саласымен интеграцияланған жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу жоспарларымен бөлісті. Облыс прокуроры қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелерге назар аударып, сталкинг, есірткі қылмысы, киберқылмыс пен интернет-алаяқтықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырды. Сонымен қатар цифрлық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын ерекше атап өтті.

Іс-шара барысында студенттер құқық қорғау саласына қатысты өз жобаларын таныстырды. Олардың ішінде «KolikHub» жобасы, «Пробациялық бақылаудағы тұлғаларды сәйкестендіруге арналған Face ID технологиясы», «ЕРНС – Бірыңғай реестр қадағалау сигналдары», «Интеллектуалдық жүйе: мемлекеттік сатып алуларды талдау», «RESTART: әлеуметтік қолдау жобасы», «PsyConnect: Junior & Family» жобалары. Кездесу барысында барлық жобалар Мадияр Бекенұлы тарапынан қолдау тапты. Кездесу ашық форматта өтіп, студенттер құқық қорғау саласы мен ІТ бағытындағы ынтымақтастық мүмкіндіктері бойынша өз сұрақтарын қойып, пікір алмасты. Іс-шараның нәтижесінде студенттер құқықтық білімдерін практикалық бағытта кеңейтіп, ІТ және құқық салаларының интеграциясы арқылы жаңа жобаларды дамыту мүмкіндігін алды.

23 СӘУІР ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ Құтты болсын!



«Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз»
Қасым-Жомарт Тоқаев

23 СӘУІР - ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ

Елімізде 23 сәуір – Ұлттық кітап күні. Бұл маңызды бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда берген тапсырмасына сәйкес, қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру және жастарды кітап оқуға баулу мақсатында 2024 жылдан бастап елімізде кең көлемде аталып өтіп келеді.

Ұлттық кітап күні – тек мерекелік күн емес, ол қоғамның рухани дамуына серпін беретін, білім мен ғылымға деген қызығушылықты арттыратын маңызды мәдени-әлеуметтік бастама. Бұл күннің басты мақсаты – кітап оқуды насихаттау, жас ұрпақтың ой-өрісін кеңейту және ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы білімді қоғам қалыптастыруға ықпал ету. Осы атаулы күнге орай еліміздің барлық өңірлерінде түрлі мазмұнды іс-шаралар ұйымдастырылады. Атап айтқанда, кітап көрмелері, оқырман конференциялары, әдеби кештер мен оқу марафондары өткізіліп, халықты кітап оқуға тартуға бағытталған ауқымды жұмыстар жүзеге асырылады. Мұндай іс-шаралар қоғамның назарын кітапқа аударып қана қоймай, оқырман мәдениетін дамытуға да үлкен үлес қосады.

23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде «Кітап сыйла» акциясы аясында маңызды рухани іс-шара ұйымдастырылды. Аталған бастама ғылыми кітапхана қорын толықтыруға және қоғамда кітап оқу мәдениетін дамытуға бағытталған. Осы игі шара барысында университет ректоры Саламат Нұрмұханұлы өз кітапханасынан бірқатар құнды ғылыми еңбектерді

университеттің ғылыми кітапхана қорына тарту етті. Бұл еңбектердің қатарында 2024 жылы жарық көрген «Білім берудегі жасанды интеллект: жаңа мүмкіндіктер мен тәуекелдер» атты монография да бар. Аталған еңбек білім беру жүйесінде жасанды интеллект пен деректерге негізделген технологияларды қолданудың теориялық және практикалық негіздерін жан-жақты қарастыратын маңызды ғылыми зерттеу ретінде бағаланады. Сыйға берілген еңбектер университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерінің оқу үдерісі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарында кеңінен қолданылуына мүмкіндік беріп, білім мен ғылымның өзара сабақтастығын күшейтуге ықпал етеді.

Ректор Саламат Нұрмұханұлы өз сөзінде қазіргі цифрлық дәуірде ақпарат ағыны қаншалықты жылдам болғанымен, терең білім мен сапалы ойдың негізгі қайнар көзі – кітап екендігін атап өтті. Кітап оқу тек білім алу құралы ғана емес, ол адамның ой-өрісін кеңейтіп, тұлғалық дамуына жол ашатын маңызды рухани негіз екенін де ерекше жеткізді. Осыған байланысты қоғамда кітап оқу мәдениетін қалыптастыру – баршаның ортақ міндеті екені айтылды.

«ЛӘЙЛІДЕЙ ЫСТЫҚСЫҢ, МӘЖНҮНДЕЙ ҚҰМАРТСАМ...» ПОЭЗИЯЛЫҚ КЕШІ ӨТТІ

Ұлттық кітап күніне орай Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде жастардың рухани дүниесін байытуға, көркем сөз өнеріне қызығушылығын арттыруға бағытталған «Ләйлідей ыстықсың, Мәжнүндей құмартсам...» атты поэзиялық кеш ұйымдастырылды.

Тағылымды шараның басты мақсаты – студент жастар арасында поэзияны кеңінен насихаттау, махаббат тақырыбындағы әдеби мұраларды дәріптеу, шығармашылық қабілетті дамыту және көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру болып табылады. Ұлттық кітап күнімен үндескен бұл кеш рухани құндылықтарды жаңғыртып, әдебиет пен өнерді тоғыстырған ерекше мәдени алаңға айналды. Шараның арнайы қонағы ретінде ақын, ғалым, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Маржан Ершу қатысып, кештің мазмұнын айшықтай

Маржан Ершуге университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің «Құрметті профессоры» атағы салтанатты түрде табысталды. Сонымен қатар кеш барысында Атырау Жастар театры әртістерінің қатысуымен «Бес қыз туралы хикая» қойылымы сахналанып, махаббат пен адам сезімінің терең иірімдері көркем түрде бейнеленді. Қойылым көрермендер тарапынан жоғары бағаланды.

Шара аясында студенттер де белсенділік танытып, өз өлеңдерін оқып, поэзия әлеміне деген



түсті. Жиын барысында ақынның шығармашылығы таныстырылып, махаббат тақырыбындағы жүрекке жылы өлеңдері оқырман назарына ұсынылды. Кеш барысында студенттер мен қатысушылар махаббат тақырыбындағы өлеңдерді мәнерлеп оқып, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Сондай-ақ Н. Жантөрин атындағы облыстық филармония әншілері өнер көрсетіп, Маржан Аманқосқызының сөзіне жазылған «Жапырақ жүрек» әнін Мәдениет саласының үздігі Венера Машкалиева орындады. Іс-шара аясында ақын

қызығушылықтарын көрсетті. Бұл – жас буынның шығармашылық әлеуетінің артып келе жатқанын айғақтайтын маңызды сәттердің бірі болды. Кеш соңында ақынмен еркін сұхбат ұйымдастырылып, қатысушылар махаббат, поэзия және шығармашылық туралы өз сауалдарын қойды. Рухани кеш Маржан Ершудің сөзіне жазылған «Атырау Арман» әнімен қорытындыланып, қатысушыларға ерекше әсер сыйлады.

Мөлдір ЖАНҒАБЫЛҚЫЗЫ,
журналистика мамандығының
4 курс студенті



Сөз өнеріндегі өлкетану

Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде Ұлттық кітап күніне орай «Сөз өнеріндегі өлкетану» атты жергілікті авторлармен кездесу кеші ұйымдастырылды.

Шараның негізгі мақсаты – туған өлкенің тарихы мен мәдениетін кеңінен насихаттау, жергілікті қаламгерлердің шығармашылығын оқырман қауымға таныстыру және жастардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру. Кездесу кешінде ұстаздар, студенттер және кітап сүйер оқырмандар бас қосты.

Шараға профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ардагерлер кеңесінің төрағасы Шахман Нағымов, Педагогикалық академиясының профессоры,

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, журналистер одағының мүшесі Бақытжан Мұсағали, Қазақстанның Құрметті жазушысы Төлеген Жаңабайұлы, Атырау университетінің 2-курс магистранты, ақын Рақымжан Орынбасар және магистрант Жансая Сабырғалиева қатысты.

Іс-шара барысында жергілікті авторлар өз шығармашылық жолы мен еңбектері туралы әңгімелеп, қатысушылармен еркін пікір алмасты. Оқырмандар өз кезегінде қаламгерлерге сұрақтар қойып, мазмұнды сұхбат өрбіді.

Сонымен қатар шара аясында қатысушыларға жергілікті әдеби мұрамен жақынырақ танысуға мүмкіндік берілді.



ҰСТАЗДЫҚҚА БАСТАР ҰЛЫ ЖОЛ

2021 жылы іргетасы қаланған “Ұстаз” мектебі – бүгінгі таңда тек білім ордасы ғана емес, ұлттық рух пен тәрбиені қатар ұштастырған ерекше білім шаңырағына айналды. Биыл осы киелі білім ордасына 5 жыл толып отыр.

Бұл – аз уақыт емес. Осы аралықта мектеп өзінің нақты бағытын айқындап, нәтижелі жолын қалыптастыра білді. Мектептің басты мақсаты – алыс ауылдардағы ер балалардың бойындағы қабілетті ашып, оларға терең білім бере отырып, болашақта елге қызмет ететін ұлт ұстаздарын тәрбиелеу. Бұл мақсат тек сөз жүзінде емес, нақты іспен дәлелденіп келеді. Бес жыл ішінде “Ұстаз” мектебі ондаған дарынды түлекті түлетіп ұшырды. Олардың қатарында Алтын белгі иегерлері мен

Үздік аттестат алған шәкірттер аз емес. Ең бастысы – бұл жетістіктер тек баға көрсеткіші емес, табандылықтың, еңбекқорлықтың және дұрыс тәрбиенің жемісі. Мектеп түлектері бүгінгі күні Қазақстанның және шет елдердің беделді педагогикалық жоғары оқу орындарын тәмамдап, туған елге оралып, ұстаздық жолды таңдауда. Бұл – мектеп миссиясының толық орындалып жатқанын көрсететін айқын дәлел. Себебі, ұстаз болу – жай мамандық емес, ол – ұлттың болашағын қалыптастыратын қасиетті жол. 2025–2026 оқу жылында да мектеп үлкен үміт күттіретін түлектерді қанаттандырғалы отыр. Биыл 40 оқушы мектеп бітірсе, олардың қатарында 2 оқушы Алтын белгіге, 4 оқушы

Үздік аттестатқа үміткер. Бұл – сапалы білім мен жүйелі тәрбиенің нәтижесі. “Ұстаз” мектебінің ерекшелігі – білім мен тәрбиені қатар алып жүруінде. Әсіресе, ер балалар тәрбиесіне ерекше мән берілуі – заман талабы. Себебі, бүгінгі жас ертеңгі отбасының тірегі, қоғамның тірегі, елдің қорғаны. Бұл мектептің әр түлегі – тек білімді жас емес, саналы азамат, болашақ ұстаз, ұлттық рухты бойына сіңірген тұлға болып қалыптасуда. Бес жылдық белес – бастамасы ғана. Алдағы уақытта “Ұстаз” мектебі әлі талай дарынды ұлдарды тәрбиелеп, елге қызмет ететін үлкен буынды қалыптастыратыны сөзсіз. Ұстаздық жол – ұлы жол. Ал сол жолға бағыт беретін “Ұстаз” мектебі – болашақтың шамшырағы.

«Ұстаз» мектеп-интернатындағы «Адал азамат» тәрбие бағдарламасын жүзеге асырудағы заманауи тәсілдер және өзін-өзі басқару жүйесінің тиімділігі

Біз ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие беретін, тарихымен, өнерімен, дәстүрімен таныстырып, оны құрметтеуге тәрбиелейтін, білімнің қыры мен сырын үйрететін, патриоттық сезім мен ұлттық рухты биік ұстауға баулитын, мәңгілік мұраттарды туғызушы, инновациялық жаңа технологиялармен қамтылған «Мектеп» деп аталатын білім ошағының отын жағамын деп келген, қасиетті де, құдіретті мамандық иесіміз.

Қазіргі жаһандану қарқыны үдеген уақытта бала тәрбиесіне қатысты ұлттық ұстанымдардың осалдау болып тұрғаны да шындық. Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлының «Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы», – деген даналығы да бар. Ата-бабаларымыз өскелең ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, ұлттың болашағы ретінде бағалаған. Қазіргі білім беру жүйесінде тәрбие жұмысы – тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі бағыттардың бірі. Осы орайда «Адал азамат» тәрбие бағдарламасы білім алушылардың бойында адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған маңызды құжат ретінде жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. «Ұстаз» мектеп-интернатында аталған бағдарлама аясында тәрбиелік жұмыстар заманауи талаптарға сай ұйымдастырылуда. Ұл балаларды тәрбиелеу мен сапалы білім беруді қатар жүргізе отырып, оларды ұстаздық мамандыққа бейімдеу – жүйелі, мақсатты жұмысты талап етеді. Бұл бағытта тек кәсіби бағдар беру жеткіліксіз; ең алдымен ер балалардың бойында жауапкершілік, көшбасшылық, қамқорлық, сабырлық сияқты ұстазға тән қасиеттерді қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі. Ер балалар арасында мұғалім мамандығының қоғамдағы рөлін түсіндіру маңызды. Ұстаз тек сабақ беруші емес, ол – тәрбиеші, бағыт беруші, тұлға қалыптастырушы екенін нақты мысалдар арқылы көрсетіледі. Әсіресе ер мұғалімдердің жетістіктерін, өмірлік жолын таныстыру ұл балаларға ерекше әсер етеді. Мектептегі ер азамат ұстаздардың іс-әрекеті, қарым-қатынасы, сабақты жүргізу стилі – ұл балалар үшін тірі үлгі. Олар ұстаздың сабырын, әділдігін, жауапкершілігін көріп өседі. Сондықтан ер мұғалімдердің тәрбие жұмысындағы белсенділігі ерекше маңызды. Тәжірибелік бағыттағы жұмыстар. Ұл бала-

ларды ерте жастан педагогикалық әрекетке тарту тиімді нәтиже береді сынып оқушыларына көмектесу, жетекшілік жасау, тәрбие сағаттарын бірге ұйымдастыру, мектеп іс-шараларында жүргізуші, үйлестіруші болу. Бұл жұмыстар олардың ұйымдастырушылық және коммуникативтік дағдыларын дамытады.

Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымдары – ұл балалардың көшбасшылық қабілетін дамытудың тиімді алаңы. Осындай ортада олар жауапкершілік алуды, көпшілік алдында сөйлеуді, шешім қабылдауды, командамен жұмыс істеуді үйренеді.

Бұл дағдылар болашақ ұстазға аса қажет. Ұстаз болу – тек білім емес, үлкен жүрек пен төзімділікті талап етеді. Сондықтан ұл балаларға: құрмет, сабыр, әділдік, жауапкершілік сияқты қасиеттерді жүйелі қалыптастырып келеміз.

Адалдық пен әділдік құндылықтарын насихаттау мақсатында онлайн форматтағы пікірталастар, шығармашылық байқаулар, әлеуметтік жобалар іске асырылуда. Осындай жұмыстардың нәтижесінде 2025–2026 оқу жылы ішінде оқушыларымыз республикалық, облыстық байқаулар мен білім додаларының жүлдегерлері атанды. Мектептегі тәрбие жүйесінде “Жас Тұғыр” өзін-өзі басқару парламентінің рөлі айрықша.

Аталған ұйым білім алушылардың бастамаларын қолдауға, олардың көшбасшылық қабілеттерін дамытуға және мектеп өміріне белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Парламент жұмысы нақты жоспар негізінде жүргізіліп, оның мүшелері мектепшілік іс-шараларды ұйымдастыруда, түрлі әлеуметтік және тәрбиелік жобаларды жүзеге асыруда жоғары белсенділік танытып келеді. Оқушылар өзара ынтымақтастықта жұмыс істей отырып, жауапкершілік пен ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, парламент мүшелері мектептің қоғамдық өмірінде белсенділік танытып, құрдастарына үлгі бола алатын деңгейге жетуде. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып, сапалы нәтижелерге қол жеткізу көзделеді.

Ақбөпе КАРАБАЛИНА,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ дарынды балаларға арналған «Ұстаз» мектеп-интернаты директорының тәрбие істері жөніндегі I – санатты орынбасары

Арманнан – мүмкіндікке

Мен – Нұрболатұлы Алмас. Атырау облысы, Исатай ауданының Тұщықұдық ауылында туып-өстім. Кезінде мен де үлкен арманы бар, бірақ оған барар жолды таба алмай жүрген қарапайым ауыл баласы болдым. Ауылда жүргенде мүмкіндік шектеулі сияқты көрінетіні жасырын емес. Бірақ уақыт өте келе бір нәрсені түсіндім: бәрі тек өз қолымызда.

Бүгінде мен дарынды балаларға арналған «Ұстаз» мектеп-интернатының 10-сынып оқушысымын. Осы мектепке келуім менің өмірлік таңдауым еді. Себебі менің басты мақсатым болашақта білікті ағылшын тілі мұғалімі болу. Тіл білу әлемге есік ашу болса, сол есікті басқаларға ашып беретін ұстаз болу мен үшін үлкен мәртебе. «Ұстаз» мектебі маған тек білім беріп қана қоймай, өзімді тұлға ретінде дамытуға, мамандығымға нық қадам басуға жол ашты. Қазіргі таңда «Жас Тұғыр» мектеп парламентінің «Дебат фракциясының» депутатымын. Көшбасшылық пен шешендік өнер болашақ педагог үшін ең қажетті қасиеттер. Жұырда менің өмірімдегі маңызды белестердің бірі бағынды: «Оқушылардың өзін-өзі басқару көшбасшыларының форумы» байқауының облыстық кезеңінде үздік шығып, Астана қаласында өткен республикалық форумға жолдама алдым. Астанадағы жиын нағыз тәжірибе алаңы болды. Еліміздің 20 өңірінен келген ең белсенді 100 көшбасшымен пікір алмасып, жаңа идеялар түйдім. Тарихшы Жақсылық Сәбитов пен өнер майталманы Досымжан Таңатаров сияқты тұлғалармен кездесу маған ерекше шабыт берді. Топтық тапсырмалар кезінде стратегиялық шешім қабылдауды, команданы ұйымдастыруды және жауапкершілік алууды үйрендім. Нәтижесінде, республика бойынша «Үздік 25» көшбасшының қатарына еніп, арнайы дипломмен марапатталдым. Бұл жетістік – ауыл баласының да биік белестерді бағындыра алатынының дәлелі. Ең бастысы – мүмкіндікті көре білу және еңбектену. Болашақта ағылшын тілінің маманы ретінде еліміздің білім беру саласына үлес қосатыныма сенімдімін. Бұл – тек бастамасы. Алда алар асулар әлі көп, бағындырар белестер де аз емес. Мен өз жолымды енді ғана айқындап келемін, бірақ бір нәрсеге нық сенімдімін: табандылық пен еңбек болса, кез келген арман шындыққа айналады. Осындай мүмкіндіктерге жол ашып, мені үлкен мақсаттарға жетелеп отырған «Ұстаз» мектебінде білім алып жатқанымды үлкен мақтанышпен айта аламын. Бұл білім ордасы мен үшін жай ғана мектеп емес, ол армандар орындалатын, болашаққа нық қадам жасайтын маңызды өмірлік кезең.

Алпамыс НҰРБОЛАТҰЛЫ,
«Ұстаз» мектеп-интернатының 10 сынып оқушысы

AI-Sana: жасанды интеллект арқылы жаңа мүмкіндіктерге жол

Бүгінде жасанды интеллект – тек болашақтың технологиясы ғана емес, экономиканы, білім мен ғылымды дамытудың маңызды құралына айналып отыр. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жасанды интеллектті тиімді пайдалану елдердің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жаңа инновациялық шешімдердің пайда болуына жол ашады. Осы бағытта Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан маңызды бастамалардың бірі – AI-Sana жобасы.

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті аймақ пен ел алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі қолға алған ауқымды AI-Sana жобасының «зәкірлі» университеттерінің қатарына енді. Бұл – университеттің ғылыми-білім беру әлеуетінің жоғары екенін көрсететін маңызды қадам. Аталған бағдарлама 2024 жылғы 11 желтоқсанда Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес іске қосылды. Бағдарламаның басты мақсаты – жетекші әлемдік университеттердің тәжірибесін негізге ала отырып, жасанды интеллект саласында білікті мамандар даярлау. Сонымен қатар жоба студенттерге, магистранттар мен жас зерттеушілерге ауыл шаруашылығы, энергетика және білім беру секілді маңызды салаларда AI-технологияларды қолдану және AI-кәсіпкерлік бағытында қосымша құзыреттер беруді көздейді. Жоба Атырау университетінің студенттері арасында үлкен қызығушылық тудырды. Бағдарламаның алғашқы, яғни «нөлдiк кезеңінде» іргелi бiлiм қалыптастыруға ерекше мән берiлдi. Университет оқытушылары мен студенттері Coursera, Huawei және Astana Hub сияқты халықаралық білім беру платформаларына қол жеткізіп, жасанды интеллект саласы бойынша білімдерін жетілдіру мүмкіндігіне ие болды. Нәтижесінде қазіргі оқу жылында 1400-ден астам студент Coursera платформасында белсенді түрде білім алуда. Сонымен қатар жасанды интеллектке арналған арнайы курс университеттің барлық білім беру бағдарламаларына енгізілді.

Қазіргі уақытта жоба жаңа кезеңге өтіп, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға бағытталуда. Университеттің 5200-ден астам білім алушысы бағдарламаның екінші кезеңіне қатысу үшін тіркеуден өтіп, іріктеу тестілеуіне өтті. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі – халықаралық сарапшылардың қатысуы. Оқу бағдарламасын әзірлеу мен іске асыруға Стэнфорд университеті, MIT және Кремний алқабындағы жетекші мамандар тартылған. Оқу материалдары халықаралық сарапшы Пол Кимнің жетекшілігімен дайындалуда. Бағдарлама аясында



студенттер Python бағдарламалау тілін, Google Colab және Jupyter платформаларын қолдануды меңгереді. Сонымен қатар үлкен тілдік модельдермен жұмыс істеуді үйреніп, өздерінің алғашқы технологиялық өнімдерін – MVP (минималды өміршең өнім) әзірлейді.

AI-Sana жобасының Атырау өңірі үшін де маңызы зор. Өнеркәсіптік аймақ ретінде танылған өңір үшін бұл бастама шикізаттық бағыттан білім мен технологияға негізделген экономикаға көшуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллект технологиялары өндірістік процестерді автоматтандыруға, деректерді талдауға және тиімді басқару шешімдерін әзірленіп, тәжірибелік қолданыстан өтуде. Осылайша, AI-Sana жобасы Атырау университетінің ғылыми-білім беру әлеуетін жаңа деңгейге көтеріп қана қоймай, өңірде жоғары технологияларға негізделген жаңа интеллектуалды ортаның қалыптасуына ықпал етуде. Болашақта бұл бастама жас таланттардың шығармашылық энергиясы мен заманауи технологияларды біріктіріп, Атырауды инновация мен білімнің маңызды орталығына айналдыруға мүмкіндік береді.

Жанаргүл СҮЛЕЙМЕНОВА,
Вице проректор



«Тау тұлғалы Тауман Амандосов»: Атырау университетінде ғылыми-практикалық семинар өтті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде қазақ журналистикасының көрнекті ғалымы, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері Тауман Салықбайұлы Амандосовтың 105 жылдығына арналған «Тау тұлғалы Тауман Амандосов» атты ғылыми-практикалық семинар өтті.

Ғылыми іс-шараны Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің деканы Сәлімгерей Болатқалиұлы мен Журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі Өмірбек Қадыржанұлы ашып, ғалым мұрасын насихаттаудың маңыздылығына тоқталды. Олар Тауман Амандосовтың қазақ журналистикасы ғылымының қалыптасуына сіңірген еңбегін ерекше атап өтіп, бүгінгі жас журналистер үшін оның шығармашылық және ғылыми жолы үлкен мектеп екенін айтты. Шараның мақсаты – қазақ журналистикасының теориялық негізін қалаушылардың бірі болған ғалымның өмір жолы мен мол мұрасын насихаттау, оның ғылыми еңбектерін жас ұрпаққа үлгі ету және ұлттық журналистика тарихындағы орнын айқындау.

Семинар барысында Тауман Амандосовтың өмірі мен шығармашылығына арналған арнайы бейнеролик көрсетіліп, ғалымның қазақ журналистикасы тарихы, баспасөз жанрлары мен публицистика теориясына қосқан ғылыми үлесі кеңінен таныстырылды. Іс-шараға арнайы қонақтар қатысып, ғалым тұлғасы туралы тағылымды ойларымен бөлісті. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының құрметті журналисі, мәдениет қайраткері Балмағамбетов Исатай Құндызбайұлы, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, «Тіл жанашыры» белгісінің иегері Төлеуішев Әбілхан Сейтімұлы, университет түлегі, филолог, «Атырау Рауан» қорының директоры Әди Жоламанұлы сөз сөйлеп, Тауман Амандосовтың қазақ руханияты мен журналистика ғылымындағы орнына тоқталды.

Сонымен қатар ғалымның шәкірттері, Х.Досмұхамедов атындағы университеттің сеньор-лекторлары Ләззат Қабдірқызы мен Гүлнар

Базарбайқызы ұстаз жайлы естеліктерімен бөлісіп, оның шәкірт тәрбиелеудегі ерекше болмысын атап өтті. Шара аясында Тауман Амандосов атындағы орта мектеп директоры Разиева Майра Серікқалиқызы сөз алып, білім ордасында ғалым мұрасын дәріптеу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырды. Семинардың тәрбиелік мәнін арттырған ерекше сәттердің бірі – Т.Амандосов атындағы орта мектеп оқушысы Теміртас Кәусардың ғалымға арнаған өлеңін оқуы болды. Жас өрннің жүрекжарды жыры көрермен көңілінен шығып, рухани әсер сыйлады. Іс-шараның екінші бөлімінде студенттер мен оқушылар дайындаған үздік бейнероликтер көрсетіліп, семинар соңында эссе және бейнеролик байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Үздік бейнеролик байқауы бойынша:

• I орын – журналистика мамандығының 3-курс студенті Сәнім Марат

• II орын – 2-курс студенті Қалмағамбетова Малика (жасанды интеллект арқылы дайындалған бейнеролик)

• III орын – Болатова Сабина

Үздік эссе байқауы бойынша:

• I орын – 3-курс студенті Әділет Амангелді

• II орын – 2-курс студенті Қарақат Сәкенқызы

• III орын – 1-курс студенті Амангелді Данагүл
Ғылыми-практикалық семинар соңында ұйымдастырушылар Тауман Амандосовтың өмірі мен еңбегі – ұлттық журналистика ғылымының темірқазығы, кейінгі ұрпаққа мәңгілік өнеге екенін атап өтті.

Нұргүл Нұрланқызы,
Журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының сеньор лекторы

«Сталкингті тоқтат: Қауіпсіз қоғамға бірге қадам!» форумы

Қазіргі заманда ақпараттық технологиялар мен әлеуметтік желілер жастар өмірінде маңызды рөл атқарса да, олармен бірге жаңа қауіптер де пайда болуда. Сталкинг, мәжбүрлі неке және отбасылық зорлық-зомбылық сияқты құбылыстар қоғамдағы нәзік мәселені құрайды. Осындай қауіптерге қарсы тұру үшін құқықтық сауаттылықты арттыру, жастарға өздерін қорғау жолдарын үйрету – бүгінгі қоғамның басты міндеттерінің бірі болып отыр.

Осы мақсатта Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Сталкингті тоқтат: Қауіпсіз қоғамға бірге қадам!» атты форум өтті. Шара жастар арасында құқықтық білімді арттыруға, қауіпті құбылыстардың алдын алу жолдарын көрсетуге бағытталды. Форум шымылдығын Атырау жастар театрының



тақырыптық қойылымы ашып, қоғамдағы өзекті проблемаларды көрнекі түрде көрсетті. Көрермендер сталкингтің, отбасылық зорлық-зомбылықтың және мәжбүрлі некенің зардаптарын көріп, өзінше ой түйді. Ашылу рәсімінде Атырау қаласы әкімінің орынбасары Ердіс Ғаниұлы және Атырау қаласы



прокурорының орынбасары Валерий Саясатұлы сөз сөйлеп, құқықтық мәдениеттің маңыздылығын және заң үстемдігінің қажеттілігін атап өтті.

Форум барысында спикерлер жастарға өзекті тақырыптарды жан-жақты түсіндірді. Атырау облысы бойынша Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Амангелді Аманиязұлы, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі Данагүл Бағытжанқызы, Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік қызмет көрсететін орталықтың директоры Баубек Женисович, Атырау облысы Дін істері басқармасының теолог маманы Султангелді Серікұлы, сондай-ақ Атырау облысы Полиция департаментінің отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы бөлімінің аға инспекторы, полиция майоры Айгерім Мұратқызы қатысып, құқықтық қорғау құралдары, алдын алу механизмдері мен цифрлық қауіпсіздік мәдениеті туралы кеңінен айтып берді. Сонымен қатар, форумға Атырау облысы әжелер кеңесінің өкілдері қатысып, ұлттық құндылықтар мен тәрбиенің маңыздылығын жеткізді.



Қатысушылар қорытынды бөлімде өздерін мазалаған сұрақтарын қойып, нақты әрі толық жауап алды. Форумның басты идеясы заң тек жазалау құралы ғана емес, ол азаматтарды қорғау құралы екенін көрсету, сондай-ақ қауіпсіз қоғам құру әрқайсымыздың ортақ жауапкершілігіміз екенін ұғындыру болды. Қорытындылай келе, «Сталкингті тоқтат: Қауіпсіз қоғамға бірге қадам!» форумы – жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, қауіпті құбылыстарға қарсы тұруға және құқықтық мәдениетті қалыптастыруға арналған маңызды алаң болды.

НҰРАЙ Сапарова
Медиаорталық редакторы

ҒЫЛЫМНЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ – АТЫРАУДА

Бүгінгі Қазақстанда ғылым – зертханалардың қабырғасында ғана қалып қоятын оқшау сала емес. Ол – елдің ертеңін айқындайтын, экономиканың тамырын тереңге жайып, қоғамның сапасын арттыратын тірі ағза іспетті. Ғылымның тынысы – өндірісте, оның үні – инновацияда, ал қуаты – адами капиталдың әлеуетінде сезіледі. Сондықтан да бүгінгі мемлекеттік саясат ғылымды тек білімнің бір тармағы емес, ұлттық дамудың өзегіне айналдырды. Бұл ұстаным «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқын көрініс тапты. Яғни, ғылым – стратегиялық құжаттарда жазылған құрғақ ұғым емес, ел болашағын қалыптастыратын нақты құрал ретінде танылды.

Осы бағытта Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ғылымды дамыту жолында тың серпін алған білім ордаларының бірі. Университет үшін ғылым – қосымша бағыт емес, негізгі миссияның өзегі. Мұнда ғылыми ізденіс пен тәжірибелік нәтижені ұштастыруға негізделген жаңа көзқарас қалыптасып келеді.

Бүгінде университет қабырғасында идея – тек ой күйінде қалмайды. Ол – зерттеуге ұласып, жобаларға айналып, нақты нәтижемен түйінделеді. Ғылыми бастамалар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің конкурстарынан бастап, олардың өндірісте қолданылуына дейін толық сүйемелденеді. Бұл жүйеде Ғылым департаменті зерттеушілердің сенімді тірегіне айналып, ғылым мен өндіріс арасындағы алтын көпір қызметін атқарып отыр. Осындай кешенді көзқарас оқу ордасының ғылыми әлеуетін жаңа деңгейге көтеріп қана қоймай, оны өңірдің дамуына нақты үлес қосатын күшке айналдыруда.

ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІН ӘРТАРАПТАНДЫРУҒА БИҚПАЛ ЕТУ

Экономиканың трансформациясы, жеделдетілген технологиялық даму және жаһандық бәсекелестіктің өсуі жағдайында ғылыми жүйенің тұрақтылығы әртүрлі қаржыландыру көздерін тарту және тиімді пайдалану қабілетіне тікелей байланысты. Дәстүрлі түрде Қазақстан Республикасында ғылымды қолдаудың негізгі көзі гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру нысанында мемлекеттік қаржыландыру болып қала берді.

Бизнестің технологиялық міндетін ғылыми жобаға трансформациялау – бұл біздің ҒЗИ мен жобалау кеңселері қадағалайтын күрделі үдеріс. Ол кәсіпорынның сұранысы негізінде ғылыми гипотезаны тұжырымдаудан бастап, технологиялық дайындық деңгейін (TRL) анықтауға және бірлесіп қаржыландыру моделін таңдауға дейін нақты алгоритмді қамтиды:

Ғылыми-зерттеу институттары университеттің ғылыми-техникалық әлеуетін қалыптастыратын стратегиялық маңызы бар құрылымдар. Олар іргелі және қолданбалы білімді дамытатын, жаңа технологияларды жасақтайтын және қоғамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени прогресін қамтамасыз ететін негізгі ғылыми орталықтар ретінде әрекет етеді.

Университет базасында университет ғылымының осу нүктелері болатын үш ғылыми-зерттеу институты (ҒЗИ) жетістікті қалыптасқан:

- **Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы ҒЗИ;**

- **Физика, математика және цифрлық технологиялар ҒЗИ;**

- **Экология, био – және нанотехнология ҒЗИ.**

Жұмыс нәтижелері келесідей: 2025 жылы университет ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру шеңберінде 14 ғылыми жобаларды жүзеге асырды. Олардың ішінде – гранттық қаржыландыру бойынша 6 жоба, бағдарламалық – нысаналы қаржыландыру шеңберінде жас таланттарды қолдауға бағытталған «Жас ғылым» бағдарламасы бойынша 5 келешекті жоба және экология, энергия тиімділігі және биоресурстар сияқты өңір үшін аса маңызды салалардағы 3 жоба бар.

2025–2027 жылдары біздің университет «Каспий тұрақты инновациялар орталығы: өңірдің неғұрлым экологиялық болашаққа көшуі үшін баламалы шешімдерді ғылыми-академиялық ілгерілету» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасын жүзеге асыруда. Бағдарлама табиғатты ұтымды пайдаланудың өзекті мәселелерін зерттеуге, әрі шешуге бағытталған және Қазақстан Республикасының стратегиялық және

бағдарламалық құжаттарына сәйкес келеді.

«Тұрақты инновациялардың Каспий орталығы: өңірдің неғұрлым экологиялық болашаққа көшуі үшін баламалы шешімдерді ғылыми-академиялық ілгерілету» бағдарламасын жүзеге асыру кезінде TRL 5–7 технологиялық жетілуінің өндірістік алдындағы деңгейлеріне қол жеткізу үшін жоғары технологиялық, тұрақты және экологиялық шешімдер саласындағы ғылыми жобаларды коммерциялық жарнамалау үшін Каспий аймағында ғылыми-инновациялық орталық құрылатын болады.

МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТТАРДАН БИЗНЕСПЕН СЕРІКТЕСТІККЕ ДЕЙІН

Ғылымның дамуы бойынша мемлекет қабилдаған жүйелі шараларға қарамастан, негізінен бюджеттік қаржыландыруға артықшылықты негізделген үлгі бірқатар объективті шектеулерге ие.

Біріншіден, мемлекеттік ресурстар әрқашан шектеулі және бюджеттік циклдерге ұшырайды. Екіншіден, гранттар үшін жоғары бәсекелестік ғылыми күш-жігердің бөлінуіне және зерттеулердің бір бөлігін қолданбалы нәтижеге емес, формальды көрсеткіштерге бағыттауға әкеледі. Үшіншіден, барлық келешекті идеялар мен жасақтамалар әрекет ететін конкурстық рәсімдер шеңберінде қолдау таба бермейді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ең тұрақты және нәтижелі ғылыми экожүйелер ғылым, бизнес және мемлекет әрекет ететін серіктестік логикасында әрекет етеді, ал ғылыми зерттеулер



Сонымен қатар, қазіргі заманғы сын – қатерлер – цифрландыру, энергетикалық ауысу, экологиялық тұрақтылық, жасанды интеллект пен жаңа материалдарды дамыту – ғылымның қаржылық базасын кеңейтуді және экономиканың нақты секторын ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді тартуды талап етеді.

Осыған байланысты ғылыми қызметті қаржыландыру көздерін әртараптандыру ғылымды қолдаудың қосымша құралы ғана емес, ғылыми-технологиялық саясатты дамытудың стратегиялық бағыты болып табылады.

Ғылым департаментінің негізгі құралы нақты сектордың сұраныстарын жүйелі түрде жинау және талдау болды. Біз «бастамашыл» тақырыптардан өңірімізге қатысты нақты технологиялық міндеттерді шешуге көшеміз:

1. **Экология және энергия тиімділігі:** мұнай – газ секторы үшін шешімдер жасақтау.
2. **Цифрландыру және ЖИ:** өндіріс пен басқаруға ақылды жүйелерді енгізу.
3. **Адами капитал:** еңбек қауіпсіздігі және әлеуметтік тұрақтылық саласындағы зерттеулер.



нақты технологиялық және әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге бағытталған.

Сонымен қатар, нақты сектормен тұрақты байланыстар болмаған жағдайда, ғылыми нәтижелер көбінесе жарияланымдар мен есептер деңгейінде, енгізу сатысына жетпей қалады. Бұл бизнестің ғылыми ұйымдарға деген сенімін төмендетеді және ғылыми жасақтамаларды коммерцияландыру мүмкіндіктерін шектейді.

Атырау университеті бұл көзқарасты өзгертуде. Бүгінгі таңда университетте **ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА: «СофМая» түйе сүтінен жаңа сусын өндіру және коммерцияландыру технологиясын ұйымдастыру» жобасы бойынша биология ғылымдарының докторы, профессор С.З.Сағындықованың жетекшілігімен және «Физика бойынша динамикалық бейнелер мен толықтырылған нақты интерактивті үлгілер негізінде оқу құралын жасақтау» жобасы педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Б.У.Қуанбаеваның жетекшілігімен.**

тет ғалымдарының ғылыми зерттеулері мен жобаларын жүзеге асыру нәтижесінде сұранысқа ие ғылыми-зерттеу жасақтамалары әзірленді, сондай-ақ соңғы жылдары оқулықтар мен монографиялар шығару, халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми конференциялар өткізу, авторлық куәліктер мен патенттер алу бойынша белсенділіктің өсуі байқалады. Шетелдік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар саны 2025 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 2 есе өсті, бұл ретте ағылшын тілінде жарияланған мақалалардың үлесі 51% – ға жетті. 2025 жылы университет оқытушылары жариялаған әрбір үшінші мақала Q2 деңгейінен төмен емес ғылыми журналдарда жарияланды. Университетте кадрлар даярлау «Тарихшы-зерттеуші» бағдарламасы бойынша PhD-докторантура деңгейіне шықты. Осы білім бағдарламасы бойынша төрт докторант білім алуда.

Атырау университетінде ғылым кандидаты немесе PhD докторы дәрежесін алғаннан кейін ғылыми зерттеулер кезеңі болып табылатын постдокторантура бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама жас ғалымдарға өз зерттеулерінің бағытын тереңдетуге, жаңа дағдыларды игеруге және тәуелсіз зерттеушілер ретінде қалыптасуға мүмкіндік береді, сонымен қатар импакт-факторы бар журналдарда мақалалар жариялауға ынталандырады. Бірақ ғылыми жол әлдеқайда ертерек – студенттік орындықтан басталады. Соңғы 10 жылда алғаш рет университет педагогика, филология және математикалық модельдеу бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының Республикалық конкурсының II кезеңін өткізу үшін «базалық ЖОО» мәртебесіне ие болды. 2026 жылы Досмұхамедов университетінің қабырғасында 5 бағыт бойынша 2-ші кезең өткізіледі: «Педагогика және психология»; «Психология»; «Орыс тілі және әдебиеті»; «Филология; «Кәсіп философиясы»; «Құқықтану». Бұл республикалық және халықаралық олимпиадалардан үнемі марапаттар әкелетін студенттеріміздің жоғары деңгейдегі дайындығын мойындау.

«**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің хабаршысы» журналы «тарих және археология», «педагогика және психология», «экономика», «құқық» бағыттары бойынша ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы Сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізбесіне енгізілген. Ғылыми журналда аталған бағыттар бойынша отандық және шетелдік ғалымдар мен ізденушілердің мақалалары жарияланады. Журналдың бас редакторы – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Саламат Идрисов**

БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС

Бүгінде Қазақстанда ғылымның дамуы жаңа бағытқа бет алды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, ғылыми зерттеулер өмірден алшақ болмауы тиіс – олар өңір мен елдің нақты міндеттерін шешуі тиіс. Біздің университет үшін бұл әр жоба үшін сапалы жоқпарлау мен жауапкершілікке көшуді білдіреді. Иә, зерттеушінің жолы-үлкен шыдамдылықты талап ететін марафон. Біздің университет қабырғасындағы ғылым сіздің ынта-жігеріңіздің арқасында өмір сүреді. Техникалық қиындықтарды міндеттерге, ал сұрақтарды жаңалықтар ашуға айналдырғаныңыз үшін рахмет. Сіз жас таланттардың пайда болуының бастауында тұрасыз, оларға іздеу мәдениеті мен ғылыми адалдықты сіңіресіз. Сіздің қызметке адалдығыңыз-бұл біздің университеттің беделі қалыптасатын негіз.

Сондықтан құрметті **магистрант-тар, студенттер!** Біз университеттің сіз үшін адал мүмкіндіктер орны болғанын қалаймыз. Нағыз ғалым принциптіліктен басталады: өздігінен жазылған мақаладан, таза сынақтардан, өз қателіктерін ашық мойындаудан. Күмәнданудан, сұрақтар қоюдан және шындықты іздеуден қорықпаңыз. Сіздің біліміңіз және әдептілігіңізбен нығайтылған идеяларыңыз-бұл біздің университетті алға жылжытатын қозғалтқыш. Студенттік жылдарыңыз үлкен жаңалықтар ашу кезеңдеріне айналсын! Алға ұмтылыңыздар, байқап көріңіздер және ғылым сіздерге еліктіріп әкелер қызықты оқиғаларға айналсын!

Қансұлу УТЕПКАЛИЕВА, Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор, э.ғ.к

ПРОФЕССОР БОЛАТ МҰХАМБЕТОВ

Қазақстандағы ауыл шаруашылығы, геоэкология және аридтік аймақтардағы мал азығын өндіру саласында жемісті еңбек еткен Болат Мұхамбетов. Ғалымның ғылыми қызметі мен өмір жолы еліміздің аграрлық ғылымының дамуына қосқан елеулі үлесімен ерекшеленеді. 1945 жылы 18 наурызда Атырау облысы Қызылқоға ауданына қарасты Тасшағыл кешарында дүниеге келген ғалым еңбек жолын ерте бастап, ғылым мен өндірісті ұштастыра білді. Оның зерттеулері тек өңірлік деңгейде ғана емес, республикалық ауқымда да жоғары бағаланып, ғылыми қауымдастықта өзіндік орнын қалыптастырды.

Болат Мұхамбетов Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтында «Агрохимия және топырақтану» мамандығы бойынша білім алды. 1983 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап, ал 2010 жылы «Аридтік аймақтардағы жемшөп өндірісін диверсификациялау және жайылымдарды қалпына келтіру» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғап, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды. Ғалымның кәсіби жолы өндірістік қызметтен басталып, кейін Ақтөбе және Атырау өңірлеріндегі ғылыми-зерттеу мекемелерінде жалғасып, инженер-топырақтанушыдан бастап ірі ғылыми орталықтардың жетекшілік қызметтеріне дейінгі биік белестерді қамтыды. Профессор Болат

болды. Ғалым қызметінің тағы бір маңызды бағыты – климаттың өзгеруі жағдайында төзімділігі жоғары, құнарлы азықтық дақылдарды іріктеу және дамыту. Түйежоңышқа, изен, донник сияқты өсімдіктердің жаңа үлгілерін зерттеп, оларды өндіріске енгізу арқылы аймақтың агробиоалуантүрлілігін арттыруға және мал азығы қорын нығайтуға үлкен үлес қосты.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР МЕН СЕЛЕКЦИЯЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕР

Профессор Болат Мұхамбетовтың ғылыми қызметі тек теориялық зерттеулермен шектелмей, аграрлық сектордың тиімділігін арттыруға бағытталған нақты инновациялық шешімдермен ерекшеленеді. Ғалымның еңбектері мемлекеттік патенттермен қорғалып, селекциялық



Мұхамбетовтың ғылыми-зерттеу қызметі аридтік экожүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған терең теориялық негіздерге сүйенеді. Оның еңбектері Батыс Қазақстан өңірінің күрделі агроклиматтық жағдайларында табиғи және антропогендік әсерден деградацияға ұшыраған ландшафттарды қайта қалпына келтірудің тиімді жолдарын айқындауға арналды. Ғалымның басты ғылыми бағыттарының бірі аридтік фитомелиорация. Бұл салада ол шөлейт және жартылай шөлейт аймақтардағы жайылымдық жерлердің өнімділігін арттырудың тың тәсілдерін ұсынды. Ғалымның деградацияланған фитосеносоздарды экологиялық тұрғыдан оңалту әдістерін ғылыми негіздеп, өсімдіктердің табиғи ортаға бейімделу механизмдерін терең зерттеді. Оның бұл бағыттағы еңбектері табиғат пен шаруашылық арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың тиімді жолдарын көрсетеді. Сонымен қатар ғалым галоморфты, яғни тұзданған топырақтардың биогеохимиялық ерекшеліктерін зерттеуге ерекше назар аударды. Каспий маңы ойпатының тұзды топырақтарын ауыл шаруашылығы айналымына енгізу мақсатында ол галофитті өсімдіктердің мүмкіндіктерін жан-жақты қарастырып, олардың табиғи әлеуетін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Бұл зерттеулер топырақтың тұздану үдерістерін реттеуге, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз биомелиорация технологияларын дамытуға негіз

жаңалықтарымен толықтырылып, өндіріс пен ғылымның өзара байланысын нығайта түсті. Ғалымның авторлығымен шығарылған «Медовый» донник сорты – осы бағыттағы ірі жетістіктердің бірі. Бұл өсімдік тек мал азығы ретінде ғана емес, топырақ құнарын табиғи жолмен қалпына келтіретін сидераттық қасиетімен де құнды. Сонымен қатар, оның жоғары бал өнімділігі омарта шаруашылығын дамытуға мүмкіндік беріп, ауыл шаруашылығында экологиялық және экономикалық тиімділіктің үйлесімін қамтамасыз етеді. Профессордың инновациялық ізденістерінің тағы бір маңызды бағыты – аридтік аймақтарға бейімделген агротехнологияларды әзірлеу. Атап айтқанда, изен өсімдігін мәдени түрде өсіруге арналған арнайы агротехникалық жүйе ұсынылып, тәжірибеде дәлелденді. Бұл тәсіл қуаңшылық пен климаттық өзгерістер жағдайында мал азығы өндірісінің тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ғалым гидроморфты және тұзданған жерлерді қалпына келтірудің кешенді әдістерін ұсынды. Бұл бағыттағы ғылыми негізделген тәсілдер деградацияға ұшыраған жер ресурстарын ауыл шаруашылығы айналымына қайта қосуға және шөлейттену үдерістерін тежеуге бағытталған маңызды технологиялық шешімдер ретінде танылды. Профессор Болат Мұхамбетовтың ғылыми және ғылыми-басқарушылық қызметі аридтік

аймақтардағы агроэкожүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған кешенді зерттеулермен ерекшеленеді. Оның жетекшілігімен жүзеге асырылып жатқан жобалар жайылымдық ресурстарды тиімді пайдалану, табиғи ландшафттарды қалпына келтіру және аграрлық өндірістің өнімділігін арттыру бағытында нақты ғылыми

нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беруде. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде аридтік экожүйелердің биологиялық өнімділігін арттыруға бағытталған инновациялық технологиялар мен ғылыми негізделген тәсілдер ұсынылды. Бұл жаңалықтар тек теориялық маңызға ие болып қана қоймай, өндірістік тәжірибеде де тиімді қолданылып, агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуына ықпал етуде. Ғалым еңбектерінің халықаралық ғылыми кеңістікте жарияланып, жоғары дәйексөздік көрсеткіштерге ие болуы отандық ғылымның жаһандық деңгейде мойындалуының айқын көрінісі. Бұл өз кезегінде Қазақстан ғылымының халықаралық интеграциясын нығайтып, ғылыми зерттеулердің сапалық деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Профессор Болат Мұхамбетовтың ғылыми мұрасы – ауыл шаруашылығы ғылымының, әсіресе аридтік аймақтарды игеру бағытындағы іргелі зерттеулердің берік негізі. Оның инновациялық шешімдері мен селекциялық жетістіктері климаттың өзгеруі жағдайында аграрлық секторды бейімдеудің тиімді тетігі ретінде бағаланады. Осылайша, ғалымның көпжылдық еңбегі ғылым мен өндірісті ұштастыра отырып, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен экологиялық тепе-теңдікті сақтауға бағытталған стратегиялық маңызы бар ғылыми бағыттың қалыптасуына негіз болды. Бұл еңбек болашақ зерттеулер мен жас ғалымдар үшін құнды ғылыми бағдар болып қала береді.





ЖАС ҒАЛЫМ: БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ

Ғылым болашақтың бағдары, ал оны алға жетелейтін негізгі күш-жас ғалымдар. Бүгінде Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде қалыптасқан ғылыми орта жаңа буын зерттеушілерінің әлеуетін ашуға, олардың тың идеялары мен батыл бастамаларын жүзеге асыруға берік негіз болып отыр. Университет жанындағы Жас ғалымдар кеңесі осы үдерістің өзегіне айналып, өңірлік ғылымның дамуына серпін беретін маңызды алаң ретінде қызмет етуде. Кеңес жас зерттеушілердің ғылыми белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың кәсіби қалыптасуына, ғылыми жобаларды жүзеге асыруына және заманауи бағыттар бойынша зерттеулер жүргізуіне қолайлы жағдай қалыптастыру. Университет жанындағы Жас ғалымдар кеңесі осы үдерістің өзегіне айналып, өңірлік ғылымның дамуына серпін беретін маңызды алаң ретінде қызмет етуде. Кеңес жас зерттеушілердің ғылыми

маңызды» – , деп атап өткен болатын. Бұл бастама жас зерттеушілерге үлкен мүмкіндік пен сенім жүктейді. Осы бағытта университетіміздің жас ғалымдары да белсенділік танытып, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған «Жас ғалым» бағдарламасы аясында гранттық қаржыландыруға ие болды. Атап айтқанда, информатика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD Мақсот Рахметов «Жасанды интеллект принциптеріне негізделген қашықтықтан оқыту платформасын құру әдістемесін әзірлеу» тақырыбында ғылыми жоба жүргізуде. Ал қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының сеньор-лекторы, магистр Ақмарал Даутқұлова «Батыс Қазақстанның ономастикалық кеңістігіндегі гидронимдердің лингвокогнитивтік сипаттамасы» тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда. Аталған ғылыми жобалар білім беру жүйесіне цифрлық технологияларды енгізіп, жасанды

әлеуетті арттыруға және талантты жастарды ғылымға тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жас ғалымдар мектеп пен университет арасындағы ғылыми байланысты нығайту, оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту және ғылымды насихаттау бағытында да белсенді жұмыс жүргізуде. Бұл бастамалар өңірдегі ғылыми әлеуетті арттыруға және болашақ зерттеушілер буынын қалыптастыруға жағдай жасамақ.

Жас ғалымдардың жетістіктері ғылым мен білімнің дамуына тікелей ықпал етеді. Әсіресе, олар инновациялық жобалар мен стартаптарды жүзеге асыруда жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Университетіміздің жас ғалымдары халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейдегі ғылыми конференцияларға белсенді қатысып, баяндамалар жасап, өз тәжірибелерімен бөлісуде. Сонымен қатар, олардың ғылыми еңбектері Scopus, Web of Science,

бағдарламасы аясында бірқатар жас зерттеушілер грант иегері атанып, өз ғылыми жобаларын жүзеге асыруда. Бұл – университет ғылымының жас буынының қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, Жас ғалымдар кеңесінің бастамасымен университетішілік ғылыми жобалар да сәтті жүзеге асырылуда. Соңғы конкурстар нәтижесінде бірнеше жас зерттеуші өз жобаларын қорғап, қаржыландыруға ие болды. Қазіргі таңда бұл жобалар аясында өзекті ғылыми мәселелерді шешуге бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Ғылыми дамудың маңызды бағыттарының бірі – халықаралық тәжірибе алмасу. Осы орайда университеттің жас ғалымдары шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өтіп, кәсіби біліктіліктерін арттыруда. Атап айтқанда, Түркия, Польша, Литва және Ұлыбританияның алдыңғы қатарлы университеттерінде білім жетілдіріп, халықаралық тәжірибе



белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың кәсіби қалыптасуына, ғылыми жобаларды жүзеге асыруына және заманауи бағыттар бойынша зерттеулер жүргізуіне қолайлы жағдай қалыптастыруда.

Бүгінде университетте 200-ге жуық жас ғалым еңбек етеді. Олардың қатарында 38 философия докторы (PhD) және 200-ден астам магистр бар. Бұл – оқу орнының ғылыми әлеуетінің жоғары екенін көрсететін маңызды көрсеткіш. Ал Жас ғалымдар кеңесінің құрамындағы 26 мүше өз қызметін жүйелі жоспар негізінде ұйымдастырып, ғылым мен білімді ұштастыру бағытында нәтижелі жұмыстар атқаруда. Ғылымды қолдау – мемлекет саясатының басты басымдықтарының бірі. Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ғылымды дамыту – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар басымдық. Әсіресе дарынды, қабілетті жастардың ғылыммен айналысуына жағдай жасау өте

интеллект құралдарын тиімді пайдалануға, сондай-ақ ғылыми нәтижелерді тәжірибеге бағыттауға негізделген. Бұл өз кезегінде өңірлік ғылымның дамуына, инновациялық экожүйенің қалыптасуына және білім беру сапасының артуына ықпал етеді деген сенім мол. 2026 жылы университет базасында ұйымдастырылған «StartUP» жобаға «Жас ғалымдар» кеңесі атынан «PhD Mentor» тақырыбында жоба ұсынылып, қаржыландыруға ие болды. Жобаның мақсаты мектеп оқушылары мен мұғалімдерін университеттің PhD ғалымдарымен байланыстыратын, ғылыми зерттеу, жоба әзірлеу және академиялық бағыт-бағдар беруге арналған цифрлық менторлық платформаны құру. Жоба аясында тәжірибелі PhD мамандар білім алушыларға ғылыми бағыт-бағдар беріп, зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етуде. Бұл бастама мектеп пен университет арасындағы ғылыми сабақтастықты қамтамасыз етіп, өңірдегі ғылыми



РҒДИ және ҒЖБССҚК базаларында жариялануда. Жоспарға сәйкес жыл сайын өткізілетін студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурстарына қатысып, студенттер мен магистранттарды олимпиадалар мен ғылыми байқауларға дайындап, жүлделі орындарға ие болуына елеулі үлес қосуда. Қазіргі таңда елімізде ғылымды дамытуға және жас ғалымдарды қолдауға бағытталған жүйелі саясат қалыптасып келеді. Ғылыми гранттар мен арнайы бағдарламалар зерттеулерді қаржыландырумен қатар, жас зерттеушілердің ғылымдағы орнын нығайтуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ғылыми жобаларды іске асыру үдерістерін жеңілдетуге бағытталған заңнамалық тетіктер жетілдіріліп, ұлттық ғылыми институттардың мәртебесі күшейтілуде. Осы оң өзгерістер университетімізде де нақты көрініс табууда. Республикалық «Жас ғалым» (постдокторантура)

жинақтады. Бұл тәжірибе жас ғалымдардың ғылыми көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, отандық ғылымның жаһандық кеңістікке кірігуіне ықпал етуде. Жалпы алғанда, жас ғалымдардың ғылыми белсенділігі мен ізденісі университеттің ғылыми әлеуетін арттырып, ел ғылымының дамуына серпін беруде. Олар жаңа идеялар мен заманауи тәсілдерді енгізу арқылы ғылымның жаңа бағыттарын қалыптастыруда. Бүгінде Жас ғалымдар кеңесінің мүшелері қоғамдық жұмыстарға да белсенді қатысып, өңірлік бастамаларға үлес қосуда. Қорытындылай келе, жас ғалымдар ғылымның болашағы ғана емес, оның бүгінгі қозғаушы күші. Олардың ғылыми әлеуетін дамытуға бағытталған қолдау шаралары алдағы уақытта да өз жалғасын табатыны сөзсіз.

Мақсот РАХМЕТОВ,
Информатика кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
философия докторы (PhD),
Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы

ҒЫЛЫМ МЕН ӨНДІРІС ИНТЕГРАЦИЯСЫ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ ТЕТІГІ



Қазіргі жаһандану дәуірінде ғылым мен өндірістің өзара ықпалдастығы кез келген мемлекеттің экономикалық қуаты мен технологиялық дербестігін айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналды. Инновацияға негізделген экономика қалыптастыру үшін ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндірістік үдерістерге тиімді енгізу уақыт талабы ғана емес, стратегиялық міндет. Қазақстан үшін бұл бағыттың маңызы айрықша. Ел экономикасын әртарапандыру, шикізаттық тәуелділіктен арылып, жоғары технологиялық даму деңгейіне көтерілу – ғылым мен өндіріс арасындағы тығыз байланыстың нәтижесіне тікелей тәуелді. Ал бұл үдерісте университеттердің рөлі ерекше. Бүгінде жоғары оқу орындары тек білім берумен шектелмей, ғылыми зерттеулер жүргізіп, инновациялық шешімдер ұсынатын маңызды орталықтарға айналып отыр. Бұл тұрғыда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде жүзеге асырылып жатқан ғылыми жобалар ғылым мен өндіріс интеграциясының нақты көрінісі болып табылады.

Университет ғалымдары әзірлеп жатқан жобалар өндірістік процестерді оңтайландыруға, технологиялық параметрлерді тиімді басқаруға және өндіріс қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. Әсіресе жасанды интеллект, машиналық оқыту және деректерді талдау әдістерін қолдану арқылы жасалып жатқан жүйелер нақты уақыт режимінде дәл әрі негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде адами фактордың ықпалын азайтып, өндірістің тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға жол ашады. Ғылым мен өндірістің

үйлесімді ықпалдастығы бірқатар маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, инновациялық технологияларды жедел енгізу, өндіріс тиімділігін арттыру және шығындарды оңтайландыру, ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру, сондай-ақ бәсекеге қабілетті, жоғары білікті мамандар даярлау сияқты міндеттер жүйелі түрде жүзеге асады. Әсіресе мұнай-химия саласы үшін мұндай жобалардың маңызы зор. Бұл саладағы күрделі технологиялық процестер мен жоғары тәуекел деңгейі интеллектуалды басқару жүйелерін енгізуді талап етеді. Мұндай жүйелер өндірістің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, оның үздіксіз әрі тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Бүгінде әлем елдері «Industry 4.0» қағидаттарына негізделген цифрлық өндіріс моделіне қарқынды түрде көшуде. Бұл үрдіс Қазақстан үшін де өзекті. Ғылыми әлеуетті өндірістік секторға бағыттау арқылы еліміз инновациялық экономика қалыптастыру жолында нақты әрі нәтижелі қадамдар жасай алады. Ғылым мен өндірістің интеграциясы – тек технологиялық жаңғырудың ғана емес, ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттырудың басты тетігі. Университеттер мен өндіріс орындарының тиімді әріптестігі еліміздің индустриялық-инновациялық дамуына жаңа серпін беріп, болашаққа сенімді қадам жасауға негіз болады.

Бактыгүл АСАНОВА,
PhD, 2023–2025 жылдарға арналған
ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОБАЛАР
бойынша гранттық қаржыландыру иегері

НАУЧНЫЙ ПРОЕКТ: ОТ ИССЛЕДОВАНИЙ ДО ВНЕДРЕНИЯ



19 марта 2026 года на встрече с научной общественностью в КазНУ имени аль-Фараби в своем выступлении Президент РК Касым-Жомарт Токаев отметил, что сегодня между государствами обостряется конкуренция в сфере научно-технологического развития. Президент подчеркнул, что в соответствии с новой Конституцией Республика Казахстан признает развитие образования, науки, инноваций в качестве стратегического направления деятельности государства. Из этого следует, что развитие университетов и их исследовательской инфраструктуры, а также поддержка научных кадров должны быть не просто одной из текущих задач Правительства, а исполнением требований Основного закона.

За последние 5 лет объем инвестиций в науку увеличился в 6 раз. В нашей стране растет число исследовательских университетов, укрепляются их связи с реальным производством, постепенно формируется экосистема «Университет – исследования – инновации – коммерция».

НАО «Атырауский университет имени Х. Досмұхамедова» активно развивает свою научную деятельность, внося значительный вклад в развитие науки и технологий как в Атырауской области, так и за ее пределами.

Многие годы ученые университета ведут исследовательские работы, участвуя в Конкурсах МНВО РК, Минсельхоз, МИО, внутривузовских и др. С 2025 года ученые университета ведут научные исследования в рамках программно-целевого финансирования по научным и научно-техническим программам Министерства

науки и высшего образования Республики Казахстан (МНВО РК). На базе нашего университета в рамках этой программы создан Каспийский центр устойчивых инноваций.

Программа реализуется по пяти направлениям: нефтехимия, экология, робототехника, химия полимеров, биотехнология. Цель программы – разработка инновационных технологий, направленных на создание новых материалов и устройств по очистке сероводородсодержащих и сернистых газов, инновационных композиционных материалов на основе полипропилена для обеспечения безопасности в урбэко системах с созданием научно-исследовательского и технологического центра для обеспечения интегрированного и устойчивого инновационного развития Прикаспийского региона. Результаты прикладных исследований позволяют организовать локализованную переработку синтезируемых полимеров, серных отходов, растительного и животного сырья, мехатронных и электронных компонентов и получать продукцию с высокой добавленной стоимостью. Внедрение новых технологий получения экологически эффективных и безопасных материалов является рентабельной и обеспечивает короткий срок окупаемости. Инновационные решения в области робототехники и мехатроники будут способствовать сокращению затрат на производство, обслуживание и эксплуатацию за счет автоматизации трудоемких и ресурсозатратных процессов.

Создание рабочих мест и развитие инфраструктуры для проведения исследований и инновационной дея-



тельности, способствуя социальному развитию региона. Подготовка специалистов и развитие научной школы нефтехимической отрасли. При широком внедрении данной технологии потребуются подготовка специалистов химиков, технологов, материаловедов, экологов, физиков, программистов и др. Повышение качества обучения за счет внедрения новых программ профильного направления, разработанных с учетом практики цифровизации индустриального развития и их обеспечения современной инфраструктурой. Расширение практических навыков и компетенции выпускников за счет включения в образовательный процесс будущие научно-образовательные лаборатории. Повышение компетенций профессорско-преподавательского состава за счет обеспечения доступа к современному лабораторному оборудованию и компьютерному программному обеспечению. Улучшение показателей здоровья населения, снижение заболеваемости и смертности вследствие внедрения зеленых технологий. Качественное образование позволит удерживать талантливую молодежь в регионе и подготовить конкурентоспособных и высококвалифицированных специалистов, владеющих современными знаниями, инновационными методами и компетентными навыками в своей отрасли. Приток молодых специалистов в науку и науко-

емкие производства. Робототехника открывает новые возможности для интеграции людей с ограниченными физическими или интеллектуальными возможностями в производственный процесс и повседневную жизнь. Содействие инклюзивному развитию, создание новых лекарств, производство органической продукции, развитие креативных индустрий и социальных инноваций.

Как следует, программа направлена на решение ключевых научных и технологических задач, стоящих перед РК, и предусматривают комплексный подход к исследованиям. Целевое финансирование позволяет концентрировать ресурсы на приоритетных направлениях, таких как развитие новых технологий, инновационные методики, а также изучение актуальных научных проблем, важных для социально-экономического развития страны.

Этот объем работ свидетельствует о высокой исследовательской активности и разнообразии научных интересов в Атырауском университете.

Наш вуз приглашает всех заинтересованных принять активное участие в совместных научно-прикладных исследованиях и коммерциализации научных разработок и технологий.

Гульбаршин ШАМБИЛОВА,
Директор Каспийского
центра устойчивых инноваций,
д.х.н., профессор



Магистранттарға диплом табысталды

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде 2025–2026 оқу жылының қысқы бітіруші түлектеріне арналған салтанатты диплом табыстау рәсімі өтті. Іс-шара университеттің кейінгі білім бөлімі ұйымдастыруымен өтті, қысқы қабылдау негізінде бір және екі жылдық білім беру бағдарламалары бойынша оқыған магистранттарға дипломдар табысталды. Атап айтқанда, білім беру менеджменті, денсаулық

сақтау менеджменті, құқықтану, математика, қазақ тілі мен әдебиеті, қаржы және экономика, химиялық талдау және мұнайхимиялық синтез, информатика және басқа да бағыттар бойынша жалпы саны 24 түлек магистр дәрежесін иеленді. Дипломдарды салтанатты түрде ректор Саламат Нұрмұханұлы табыс етті. Салтанатты жиында университет өкілдері бітірушілерді маңызды белеспен құттықтап,

бұл жетістік олардың табандылығы мен ғылыми ізденісінің нәтижесі екенін атап өтті. Сонымен қатар бүгінгі күн тек оқу кезеңінің аяқталуы ғана емес, жас мамандардың кәсіби жауапкершілікке қадам басуының бастауы екені ерекше айтылды. Университет ұжымы түлектерге зор денсаулық, шығармашылық табыс және алдағы кәсіби жолында биік жетістіктер тіледі.



«Asu-Liga» Жайдарман ойындары өз мәресіне жетті

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Asu-Liga» Жайдарман ойындарының финалдық кезеңі өтті. Финалдық бәсекеге қағытпа қалжыңымен, көрермен көзайымы болған 3 команда жолдама алды. Командалар «Сәлемдесу», «Сұрақ-жауап» және «Жұлдызбен үй тапсырмасы» кезеңдері арқылы бәсекеге түсті. Оқу-білімнен бөлек шығармашылық жұмыстармен айналысып жүрген белсенді студенттер көрермендерді тұшымды әзілмен баурап, күлкі думанын сыйлады. Университеттің әлеуметтік мәселелер және жастармен жұмыс бөлімінің жетекші маманы Эльвира Адидованың айтуынша: «Бұл шара студенттердің өзіндік ойлау қабілетін дамытуға, сахна мәдениетін шыңдауға және топ ішінде үйлесімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді. «Asu-Liga» жастарға өздерін еркін көрсетуге, шығармашылық тәжірибе жинауға және достық байланыстар орнатуға жол ашады» дейді. 3 кезең қорытындысы бойынша I орынды гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің «Квинта» командасы, II орынды Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің «Идеал» командасы, III орын Инновациялық білім беру факультетінің қыздарынан құралған «Жайық» командасына бұйырды. Сонымен қатар, ерекше көзге түскен қатысушылар арнайы номинациялармен марапатталды. «Көрермен көзайымы» номинациясы «Жайық» командасына, ал «Үздік ойыншы» номинациясы «Идеал» командасынан Наурызбек Бақдаулетке берілді. Айта кетейік, университетіміздің «Авангард-Халел» құрамасы жастар ордасына айналған жайдарман ойындарында жоғары өнер көрсетіп, Астана қаласында өтетін Qazaqstan Cup лигасына жолдама алды.



11-сынып оқушылары арасында пәндік олимпиада өтті

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті ұйымдастыруымен математика, физика және информатика пәндері бойынша облыстық пәндік олимпиада өтті. Олимпиадаға Атырау облысы мен Атырау қаласындағы жалпы орта білім беретін мектептердің 11-сынып оқушылары қатысып, байқау қазақ және орыс тілдерінде өтті. Олимпиада қорытындысы бойынша жүлделі орын иегерлеріне жоғары білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесіне сәйкес университеттің білім гранттары ұсынылды. Шара соңында екі турдан тұратын олимпиададан жүзден жүйрік шыққан оқушылар университет атынан арнайы дипломдармен, алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Университет басшылығы тарапынан олимпиада жеңімпаздарына Атырау университетіне оқуға түсуге 3 оқушыға – 100%, 7 оқушыға – 50%, 8 оқушыға – 30% жеңілдіктер ұсынды. Математика пәні бойынша Акежан Тлепкалиев 1 орын, Дамир Хамидуллин және Тах-



мина Магпар 2 орынды, Ельназ Лез Нұрхан Бауыржанұлы 3 орынды жеңіп алды. Информатика пәні бойынша Асылы Саулебай 1 орынды, Есентайұлы Әзімхан, Жеңіс Ануарбек және Қарақат Бұрхан 2 орынға ие болды, 3 орынды Аршат Сахтаганов, Нұрлыхан Кахарман, Бекарыс Ерікұлы, Дильяра Аманбайқызы өз ара бөлісті. Физика пәні бойынша Алмаз Бағытжан 1 орынды, Бек Жылтыхаев пен Ырыстан Ерасыл 2 орынды жеңіп алса, Назарбек Мырзақұат пен Жанарыс Хасанов 3 орынды қанағат тұтты.



Бетті дайындаған Мөлдір СЕРІҚҚАЛИ, журналистика мамандығының 4 курс студенті

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «ӨЗ ОТЫҢДЫ ӨШІРМЕ» РОМАНЫНДАҒЫ РУХАНИ ТӨЗІМ МЕН ЕҢБЕК ФИЛОСОФИЯСЫ



Өз отынды өшірме
Оралхан Бөкей

Оралхан Бөкей – қазақ әдебиеті мен публицистикасында сөз өнерін биік деңгейге көтерген көрнекті қаламгерлердің бірі. Оның шығармаларында өмір шындығы нақты әрі шынайы суреттелгенімен, баяндау мәнері терең көркемдікпен, психологиялық астармен ерекшеленеді. Жазушының туындылары оқырманды тек оқиға желісімен ғана емес, адам болмысының күрделі табиғатын ашуымен де терең ойға жетелейді. Қаламгердің Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданы, Шыңғыстай ауылында дүниеге келуі оның шығармашылық болмысына айрықша әсер еткені анық. Алтайдың асқақ табиғаты, тау мен боран, өзен мен орман суреттері Оралхан прозасының көркемдік өзегіне айналған. Сондықтан оның шығармаларынан туған өлкенің мінезі, табиғаттың тылсым үні мен адам тағдырының астасқан байланысы айқын сезіледі. Жазушы, драматург, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Дулат Исабеков Оралхан Бөкей туралы: «Оралхан өзі туған табиғатына ұқсас еді. Алтайдай асқақ, оның оқ жетпес құзар шыңдарындай биік еді» деп баға берген болатын. Бұл пікір қаламгердің шығармашылық қуатын, суреткерлік болмысын дәл танытады. Оралхан Бөкейдің көрнекті туындыларының бірі – «Өз отынды өшірме» романы. Шығарманың негізгі идеялық арқауы – Түркісіб темір жолының салынуы, соғыс зардабы, халықтың ауыр тұрмысы мен еңбек арқылы өмірді жалғау философиясы. Автор осы тарихи-әлеуметтік кеңістікте адам рухының беріктігін, қиындыққа мойымау қасиетін, сондай-ақ қандай жағдайда да үзілмейтін шынайы махаббат сезімін терең бейнелейді.

Романдағы кейіпкерлер жүйесі типтік сипатқа ие. Омар бай, әккі Оспан, егіз қыздар Гүлия мен Дүрия, Дархан мен Қамбар секілді образдар белгілі бір дәуірдің, қоғамдық ортаның және адамдық мінездердің жинақталған көрінісі ретінде беріледі. Бұл кейіпкерлер арқылы жазушы заман шындығын, әлеуметтік тартысты және адам табиғатының көпқырлылығын шебер ашады. Шығармадағы ең қуатты көркемдік шешімдердің бірі – «от» символы. Мұндағы от – тек тұрмыстық жалын емес, адамның ішкі рухы, үміті, өмірге деген сенімі. Роман атауының өзі адам қандай қиындыққа тап болса да рухани жігерін өшірмеу керек деген философиялық ойды

меңзейді. Демек, «отты өшірмеу» – адамдық ұстанымды, рухани беріктікті сақтаудың астарлы метафорасы. Сонымен қатар символдық бейнелеу тәсілі шығармада кең қолданылады. Табиғат суреттері, тау, боран, суық жел – кейіпкерлер тағдырындағы ауыр кезеңдердің символдық көрінісі. Автор табиғат құбылыстарын адам жанымен ағастыра суреттеп, кейіпкерлердің ішкі күйзелісін тереңдете түседі. Осы арқылы романның философиялық мазмұны күшейіп, көркемдік қуаты артады.

Көркем деталь – Оралхан Бөкей прозасының басты ерекшеліктерінің бірі. Темір жол бойымен түтіні бұрқырап жүйткіген пойыз, тыныш табиғат көрінісі, боран алдындағы үнсіздік сәттері – барлығы шығарманың эмоциялық әсерін күшейтетін маңызды детальдар. Бұл – жазушының суреткерлік шеберлігін айқындайтын көркемдік тәсіл. Авторлық позиция шығармада айқын сезіледі. Қаламгер соғыс пен еңбек зардабын көрген халықтың мұңын ашық көрсетіп, Түркісіб құрылысына тер төккен қарапайым жандардың еңбегін жоғары бағалайды. Осы тұрғыдан романның қазіргі қоғаммен де сабақтастығы байқалады. Еңбек адамның маңызы, шынайы сезімнің құндылығы, қиындыққа қарсы рухани төзім – бүгінгі күн үшін де өзекті ұғымдар. Жеке пайымдау тұрғысынан романның ең құнды қыры – халықтың төзімі мен еңбегін көркем шындық арқылы жеткізуінде. Қиындыққа қарсы тұрған қарапайым адамдар тағдыры оқырманға үлкен ой салады. Сонымен қатар Дархан мен Гүлия арасындағы шынайы сезім махаббаттың биік адамгершілік мәнін танытады. Ал Оспан бейнесі арқылы қоғамдағы пайдакүнемдік пен ішкі арамдық мәселесі шынайы ашылған.

Қорыта айтқанда, Оралхан Бөкейдің «Өз отынды өшірме» романы – еңбек, рухани төзім, шынайылық пен махаббат құндылықтарын терең толғайтын көркем туынды. Бұл шығарма оқырманды өткен тарихпен ғана таныстырмай, бүгінгі қоғам үшін де маңызды адамгершілік сабақ ұсынады. Сондықтан романның басты құндылығы – адамды еңбекқорлыққа, рухани беріктікке және бір-біріне деген адалдыққа тәрбиелеуінде.

Әмір ӨМІРЗАҚ,
Журналистика мамандығының
2 курс студенті



ГАУХАРТАС ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ РУХАНИ ТРАГЕДИЯ ТАБИҒАТЫ

Дулат Исабековтің «Гаухартас» повесі – қазақ әдебиетіндегі психологиялық прозаның биік үлгілерінің бірі. Жазушы шағын көлемді туындыға терең әлеуметтік-философиялық мазмұн сыйғыза отырып, бір отбасының тағдыры арқылы тұтас қоғамның рухани ахуалын, адам жанының нәзік иірімдерін, махаббат пен немқұрайдылықтың қақтығысын шебер бейнелейді. Қарапайым ауыл тіршілігін суреттеу арқылы автор адам болмысының ең күрделі мәселелерін көтереді. Шығарманың тақырыптық өзегі – отбасы ішіндегі қарым-қатынас мәдениеті, ерлі-зайыптылар арасындағы түсіністік, әйел тағдыры және сезім құндылығы. Алайда повесть бұл мәселелерді тек тұрмыстық деңгейде ғана қалдырмай, оны кең рухани-философиялық кеңістікке шығарады. Жазушы адам жан дүниесінің бағаланбауы мен сезімнің ескерілмеуі қандай қайғылы салдарға алып келетінін көркемдік шындық арқылы көрсетеді.

Туынды атауының өзі символдық сипатқа ие. «Гаухартас» – асылдықтың, тазалықтың, мөлдірліктің белгісі. Бұл символ ең алдымен басты кейіпкердің ішкі жан сұлулығын, адамдық болмысын, рухани тазалығын танытады. Алайда асықтың қадірі бағаланбаған сәтте оның жарқылы көмескіленетіні сияқты, шығармада да кейіпкердің нәзік болмысы немқұрайдылықтың салдарынан трагедиялық сипатқа ұласады. Осы арқылы автор қоғамдағы рухани соқырлық мәселесін алға тартады. Повестегі негізгі идеялық жүк – рухани қатыгездік мәселесі. Бұл жерде қатыгездік физикалық күш көрсетуге шектелмейді, керісінше адамның ішкі сезіміне селқос қарау, жан жылуын көрсете алмау, сүйіспеншілікті уақытында мойындамау секілді психологиялық терең қабаттармен ашылады. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, шығармада патриархалдық сана айқын көрінеді: ер адам – отбасының тірегі болғанымен, сезімін білдіруді әлсіздік деп қабылдайтын бейне ретінде суреттеледі. Ал әйел образы – мейірім мен төзімнің иесі, алайда оның жан дүниесі көбіне назардан тыс қалады. Міне, осы әлеуметтік-психологиялық құрылым кейіпкер трагедиясының басты алғышартына айналады. Гаухартас бейнесі – қазақ әдебиетіндегі асыл әйел тұлғаларының жалғасы. Ол ұлттық мінезге тән сабырлық, адалдық, төзімділік қасиеттерін бойына жинақтаған типтік образ болғанымен, ішкі әлемінің тереңдігі мен сезімталдығы арқылы дара кейіпкер деңгейіне көтеріледі. Оның ашық қарсылық білдірмеуі, үнсіздігі, ішкі жан айқайын сыртқа шығармауы – шығарманың ең

ауыр психологиялық тұстарының бірі. Бұл үнсіздік оқырманға ерекше әсер етіп, ішкі толғаныс тудырады.

Ер кейіпкер тұлғасы да біржақты берілмеген. Ол зұлым немесе қатігез адам емес, бірақ сезімін жеткізе алмайтын, мейірімділікті көрсетуге дәрменсіз, ішкі психологиялық тұйықтыққа ұрынған типтік бейне. Жазушы оны тікелей айыптамайды, керісінше кеш оянған өкініші арқылы адам табиғатындағы әлсіздікті, эмоционалдық дәрменсіздікті шынайы көрсетеді. Демек, шығарма трагедиясының түп-төркіні махаббаттың жоқтығында емес, оның дер кезінде мойындалмауында жатыр. Көркемдік тұрғыдан повесть символ, психологиялық деталь және ишараға негізделген. Табиғат суреттері кейіпкерлердің ішкі күйімен астасып, шығарманың эмоциялық әсерін күшейтеді. Суықтық – жан суықтығының, қараңғылық – түсініспеушіліктің, үнсіздік – ішкі трагедияның метафорасы ретінде көрінеді. Автор артық баяндаудан гөрі паузаға, ишараға, детальға ерекше мән береді. Бұл тәсіл туындының психологиялық қуатын арттыра түседі. Авторлық ұстаным шығармада ашық үкім немесе дайын қорытынды түрінде ұсынылмайды. Жазушы кейіпкерлер әрекеті мен ішкі күйзелісі арқылы оқырманды өздігінен ой түйуге жетелейді. Оның негізгі көркемдік-философиялық мақсаты – адам сезімін бағалау, мейірімнің құнын ұғындыру, кеш қалған сөздің орны толмас өкінішке айналатынын көрсету. Бүгінгі қоғам тұрғысынан қарағанда «Гаухартас» өзектілігін жоғалтқан жоқ. Технология дамып, байланыс мүмкіндігі артқанымен, адамдар арасындағы эмоционалдық алшақтық мәселесі әлі де сақталуда. Отбасылық қатынастағы түсініспеушілік, сезімді ашық жеткізе алмау, әйел психологиясының ескерілмеуі – қазіргі қоғамда да кездесетін өзекті құбылыстар. Осы тұрғыдан алғанда, шығарма уақытпен шектелмейтін әмбебап сипатқа ие.

Қорыта айтқанда, Дулат Исабековтің «Гаухартас» повесі – қазақ әдебиетіндегі рухани құндылықтарды терең толғайтын, адам жанының психологиялық иірімдерін дәл бейнелейтін көрнекті туынды. Отбасы трагедиясы арқылы автор рухани жұтаңдық мәселесін көтеріп, адам сезімінің, мейірім мен жауапкершіліктің маңызын айқындайды. Сондықтан бұл шығарма уақыт өткен сайын маңызын арттыра түсетін, адамзатқа ортақ рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттайтын терең әдеби мұра болып қала береді.

Қарақат СӘКЕНҚЫЗЫ,
журналистика мамандығының
2курс студенті

ПРОФЕССОР ҚАДЫР ЖҮСІПТІҢ ЖАҢА ТУЫНДЫЛАРЫ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ



кітаптың өзіндік маңызы бар айта кетсек «Шапағат II»: Университеттің 85 жылдығына арналған бұл жинақ оқу орнының дамуына үлес қосқан белгілі профессор-оқытушылардың өмірі мен ғылыми жетістіктерін баяндайды. Екінші туынды «Қабиболла Сыдықов - 90»: Жинаққа Атырау және Ақтау университеттері ғалымдарының зерттеулері мен Қ.Сыдықовтың бұрын жарияланбаған құнды қолжазбалары енген. Үшінші туынды «Айжан» бұл Қадыр Жүсіптің шығармашылығындағы жаңа белес - проза жанрының жемісі. Бұған дейін ақын және ғалым ретінде танылған автор бұл жолы оқырманға хикаялар жинағын ұсынып, жазушылық қырын танытты. Кітаптардың лентасын қию рәсіміне университеттің зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері мен журналистер қатысты. «Шапағат II» кітабының тұсауын ректор Саламат Идрисов пен Асхат Иманғалиев кессе, ғалым Қабиболла Сыдықовқа арналған еңбекті белгілі журналистер Қаржаубай Сұлтанғалиев пен Хамза Ғабдолла көпшілікке таныстырды. Ал автордың прозалық дебюті «Айжан» кітабының тұсауын Айжанның ата-анасы мен факультет деканы Меруерт Құсайынқызы қиды. Жиын барысында Бақтыбек Таубаев, Сатқан Есенғалиев бастаған қонақтар құттықтау сөз сөйлеп, мерейтой иесінің адами қасиеттері мен ұстаздық мектебі туралы жылы лебіздерін білдірді. Кеш соңында автор Қадыр Өтегенұлы «Айжан» кітабының жазылу тарихына тоқталып, жиналған қауымға ризашылығын білдірді.

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде Ғылым апталығы аясында филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Құрметті жазушысы Қадыр Өтегенұлының 90 жылдық мерейтойына арналған салтанатты іс-шара өтті. Ғылым мен білімнің қара шаңырағында өткен бұл кеште көрнекті ғалымның қаламынан туған «Шапағат II», «Қабиболла Сыдықов - 90» және «Айжан» атты үш бірдей жаңа кітаптың тұсауы кесілді. Салтанатты жиынды Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – Ректор Саламат Идрисов сөз сөйлеп «Қадыр Өтегенұлы – университетіміздің ғана емес, ұлттық руханияттың мақтанышы. Біз абыз ақсақалымыздың 90 жылдық мерейтойына дайындықты осы оқу жылынан бастап кеттік. Бүгін тұсауы кесіліп отырған еңбектер ғалымның көпжылдық ізденісі мен шығармашылық қуатының

айқын көрінісі», – деді Саламат Нұрмұханұлы. Тұсаукесер рәсімі аясында таныстырылған әр



Мерейтөз

ҒЫЛЫМ МЕН ӨНЕГЕ ТОҒЫСҚАН МЕРЕЙЛІ БЕЛЕС: Атырау университетінде қос профессорға құрмет көрсетілді



Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде ғылым мен білім беру саласына өлшеусіз үлес қосқан айтулы тұлғалар физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор Амангелді Дулатұлы Сариев пен биология ғылымдарының докторы, профессор София Зұлқарнайқызы Сағындықованың мерейлі жастарына арналған Ғылыми кеңестің кеңейтілген салтанаты мәжілісі өтті.

Жиынды Басқарма төрағасы – ректор Саламат Нұрмұханұлы Идрисов ашып, мерейгерлердің университет қабырғасындағы қажырлы еңбегі мен білім ордасының дамуына қосқан айрықша үлесіне тоқталды. Салтанатты шара барысында өңір басшылығының арнайы марапаттары табысталды. Атап өтсек Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов пен облыстық мәслихат

төрағасы Мұса Өтеповтің шешімімен, ұзақ жыл бойы білім мен ғылымға қосқан елеулі үлесі үшін София Зұлқарнайқызы Атырау облысының Құрмет грамотасымен марапатталды. Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Өтепов құттықтау сөз сөйлеп, Амангелді Дулатұлы Сариевке «Атырау облысының ардақты ардагері» атағын, ал София Зұлқарнайқызы Сағындықоваға «Хиуаз Доспанова» төсбелгісін салтанатты түрде табыстады. Сондай-ақ С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің атынан Дүйсенбек Орынғалиұлы сөз сөйлеп, аталған оқу орнының ректоры Гүлзада Таңірбергенқызы Шакуликова атынан қос мерейтой иелеріне Алғыс хат табыс етті.

Жиынға оффлайн және онлайн

форматта еліміз бен шетелдің белгілі ғалымдары қатысып, жүрекжарды тілектерін жеткізді. Атап айтқанда, биология ғылымдарының докторы, профессор Айнаш Пахушовна Науанова (Астана), профессор Гульжан Сенькина (Смоленск, Ресей), профессор Алтынбек Шарипбаев (Астана), физика-математика ғылымдарының кандидаты Ғалым Сыдықов (Алматы), профессор Худаверди Ганбаров (Баку, Әзербайжан), академик Аманкелді Саданов, сондай-ақ университет профессорлары Қосыбек Ирзағалиев, Шахман Нағымұлы, Ерсайын Уәлитханұлы, Бекет Кенжеғұлов құттықтау лебіздерін білдірді. Сонымен қатар университет профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Сания Камелова, София Зұлқарнайқызының ұстазы Зулипа Ғабдуллина және София

Зұлқарнайқызының шәкірті Калампыр Абджаппаровна (Германия) да мерейтой иелеріне ақжарма тілектерін жолдап, олардың ғылымдағы орны мен адами болмысына ерекше тоқталды. ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері, композиторлар Қалдыбек Құрманәлі мен Гүлмайдан Сүндетова әсем ән мен жүрекжарды лебіздері арқылы ғалымдарға деген құрметтерін жеткізді. Мәжіліс барысында бұл әулеттің тек ғылымда ғана емес, отбасылық құндылықтарды ұлықтауда да парасаттылықтың символы екені ерекше аталды. Ғылым жолындағы адалдық пен отбасылық жарасымды ұштастырған қос профессордың мерейлі белесі осылайша жоғары деңгейде атап өтілді.

Бетті дайындаған
Асылай ӨТЕМІСКЫЗЫ,
Медиаорталық жетекшісі





Астана төрінде студенттер жетістігі: «Үздік студенттер форумы» кәсіби дамуға жол ашты

Халел Досмұхамедұлы атындағы университеттің Журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының 1-курс студенттері республикалық деңгейдегі «Үздік студенттер форумы» аясында кәсіби білімдерін шыңдап, оқу орнының абыройын асқақтатты. Астана қаласында «Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Үздік студенттер форумы» білім алушылардың академиялық, ғылыми, зияткерлік және кәсіби әлеуетін дамытуға бағытталған маңызды алаң болды. Аталған форумға университетіміздің 1-курс студенттері Амангелді Данагүл, Нұрланова Бибінұр, Темірболат Нұржанар белсенді қатысып, білім мен тәжірибе алмасу мүмкіндігін тиімді пайдаланды.

Форум бағдарламасы аясында жаңа білім беру технологиялары мен инновациялық әдістерді енгізу, студенттердің ғылыми-зерттеу жобаларын дамыту, жастар арасында кәсіпкерлік және шығармашылық қабілеттерді қалыптастыру, кәсіби бағдар беру, тәжірибе алмасу және әлеуметтік жауапкершілікті арттыру сынды өзекті тақырыптар кеңінен қозғалды. Іс-шара барысында қатысушылар түрлі баяндамалар тыңдап, мазмұнды семинарлар мен тәжірибелік кездесулерге қатысты. Әсіресе медиа саласындағы жаңа әдістер, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану, ғылыми жобаларды жүзеге асыру және журналистік шеберлікті жетілдіру бағытындағы практикалық кеңестер студенттер үшін аса пайдалы болды.

Форум студент жастардың кәсіби дамуына серпін беріп қана қоймай, олардың шығармашылық ойлау қабілетін арттыруға және болашақ маман ретінде тәжірибе жинақтауына зор мүмкіндік сыйлады. Қатысушы студенттер оқу орнының абыройын танытып, ғылыми-танымдық және кәсіби құзыреттерін жаңа деңгейге көтерді. Сондай-ақ, студенттердің ғылыми жетекшісі, кафедраның сеньор-лекторы, магистр Нұргүл Нұрланқызына білім алушыларды кәсіби бағытта қолдап, ғылыми ізденіске баулығаны үшін арнайы алғыс хат табысталды. Бұл — ұстаз еңбегінің жемісі мен студент жетістігінің айқын көрінісі.

Данагүл АМАНГЕЛДІ
Журналистика мамандығының 1курс студенті

AI in Healthcare: Университет құрамасы әлем үздіктерінің қатарында!



27–29 наурыз күндері Ташкент қаласында CAU Tech Summit 2026 аясында өткен «AI in Healthcare» халықаралық хакатонның финалы өтті. Іріктеу кезеңіне әлемнің 17 елінен, соның ішінде АҚШ-тағы University of California, Berkeley, Оңтүстік Кореядағы Ulsan National Institute, Жапония және басқа да елдердің университеттерінен 1200-ден астам студент пен 300+ команда қатысты. Соның ішінен тек 54 үздік команда финалға өтті. Байқау қорытындысы бойынша, Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің командасы ғылыми жетекшісі Физатов Асылбек Серікұлының жетекшілігімен 53.66 балл жинап, 18-орынға ие болды. Осылайша, олар халықаралық хакатонның ең мықты командаларының қатарына еніп, Өзбекстан, Түркия, Әзербайжан, Ресей, Қырғызстан және Индонезия елдерінің командаларын басып озды. Команда құрамында «Бағдарламалық инженерия» кафедрасының студенттері Амангелді Ғалымжан, Жақсылық Бектас, Файзуллаев Миржан, Батырхан Дастан болды. 17 елден 300-ден астам команда арасынан іріктеліп, финалға өткен 54 үздік команданың ішінде 18-орын алу — үлкен жетістік және мақтан тұтарлық нәтиже.



Шымкент қаласында Уикипедияға мақала жазу бойынша семинар өтті

Шымкент қаласында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің ұйымдастыруымен «Уикипедияға мақала орналастырудың алгоритмдері» тақырыбында семинар өтті. Семинардың ашылуында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің басқарма басшысы Рахымжанов Қайыржан Алдашұлы қазақ тіліндегі сапалы контентті толықтырудың маңыздылығына тоқталып, бұл бағыттағы жұмыстардың өзектілігін атап өтті. Жиынға Шымкент қаласындағы 8 жоғары оқу ор-

дұрыс таңдау және сапалы контент дайындау жолдары туралы жан-жақты мәлімет берді. Сонымен қатар, Уикипедияның белсенді қатысушысы Тургунов Музафар семинарға қатысып, өз тәжірибесімен бөлісті. Ол Уикипедия ережелерін, ғылыми мақала мен энциклопедиялық мақаланың айырмашылығын түсіндірді. Қатысушылар қазақ тілді ақпараттық кеңістікті дамытудағы, соның ішінде Уикипедия энциклопедиясының мазмұнын толықтырудағы бастамалардың маңыздылығын ерекше атап өтті. Қазіргі таңда мұндай жұмыстардың нәтижесінде мыңдаған оқырман сенімді әрі сапалы ақпаратқа қол



нынан 80-нен астам профессор-оқытушы қатысып, тәжірибе алмасты. Семинар барысында Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы, постдокторант Даутқұлова Ақмарал Қалиярбекқызы қатысушыларға Уикипедия платформасына тіркелу, энциклопедиялық мақала тақырыбын

жеткізіп отыр. Семинар соңында қатысушылар спикерлерге алғыс білдіріп, алдағы уақытта Уикипедия жобасына белсенді үлес қосуға ниет білдірді. Мұндай бастамалар цифрлық дәуірде ұлттық құндылықтарды дәріптеп, білім көзжиегін кеңейтуге бағытталған маңызды іс-шара болды.



2025–2026 оқу жылының II семестріне босаған білім беру гранттарына ие болған студенттер мен магистранттарды шын жүректен құттықтаймыз!

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде білімге деген ұмтылысы, табандылығы және ізденісінің нәтижесінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің тиісті бұйрығына сәйкес студенттер мен магистранттарға грант табысталды. Бұл студенттердің қажырлы еңбегі мен тұрақты ізденісінің жемісі. Мұндай жетістік әр білім алушы үшін үлкен белес, ал университет үшін зор мақтаныш. Мемлекет тарапынан ұсынылған бұл мүмкіндік сапалы білім алу және болашақта білікті маман болып қалыптасу жолындағы маңызды қадам болып табылады. Грант жеңімпаздары өз жауапкершілігін адал орындап, білім жолында жаңа белестерге жетіп, өңірге пайдасы тиетін маман болады деп сенеміз. Университет студенттерге барынша қолдау көрсетіп, олардың әлеуетін толық ашуына жағдай жасауды басты мақсат етіп отыр. Барша білім алушыларды құттықтаймыз! Алдағы уақытта да биік белестерді бағындыруға сәттілік тілейміз.

1	Асылбекова Нурлы Анарбековна	6B01401-Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі және таңдаған спорт түрінен жаттықтырушы 3 курс
2	Нұр Ернар Русланұлы	6B01401-Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі және таңдаған спорт түрінен жаттықтырушы 3 курс
3	Еркін Махамбет Беркінұлы	6B01401-Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі және таңдаған спорт түрінен жаттықтырушы 3 курс
4	Умарова Анеля Нұрболатқызы	6B01401-Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі және таңдаған спорт түрінен жаттықтырушы 4 курс
5	Мендіхан Аружан Сенбайқызы	6B01508-Математика және физика пәндерінің мұғалімі 3 курс
6	Жолдасова Гулайым Асылханқызы	6B01511-Биология 2 курс
7	Утепберген Дана Даниярқызы	6B01505-Биология пәні мұғалімі 3 курс
8	Итенова Айгерим Бектасқызы	6B01601-Тарих пәні мұғалімі, тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы 4 курс
9	Туржанов Бектыбай Туржанович	6B06103-Желілер мен жүйелерді әкімшіліктеу 2 курс
10	Қанатова Марта Қанатқызы	6B01601-Тарих пәні мұғалімі, тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы 4 курс
11	Кадирова Акбота Есимовна	6B01701-Қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімі 1 курс
12	Жайғали Ақерке Асылжанқызы	6B01705-Шетел тілдері (IP) 2 курс
13	Идеятова Құндыз Құлбарақызы	6B01703-Шетел тілі: екі шетел тілі 3 курс
14	Жанбала Гүлдана Байболатқызы	6B01902-Арнайы педагогика (IP) 2 курс
15	Қуанова Томирис Қуановна	6B02103-Таңдалған бағытта дизайн, білім беру жүйесінде суретші-дизайнер 3 курс
16	Жиеналиева Дильназ Арманқызы	6B02103-Таңдалған бағытта дизайн, білім беру жүйесінде суретші-дизайнер 4 курс
17	Файзоллаева Анар Елтайқызы	6B02301-Аударма және аударматану 4 курс
18	Заимова Әлия Жәнібекқызы	6B05201-Қолданбалы экология 2 курс
19	Берикова Дария Ақылбековна	6B05201-Қолданбалы экология 3 курс
20	Батырова Жұлдыз Тұрғанбаевна	6B05202-Экоаналитика 3 курс
21	Нурлибай Сабина Нурлибайқызы	6B05301-Химиялық талдау және сараптама 2 курс
22	Орынбасар Еркебұлан Рүстемұлы	6B05302-Физик зерттеуші 1 курс
23	Максұтов Нурасыл Тынышқалиевич	6B05401-Қолданбалы математикалық модельдеу 2 курс
24	Тұрлыбай Бауыржан Қуанышұлы	6B06102-Бизнес аналитика және IT жобаларды басқару 2 курс
25	Казихан Қанат Азаматұлы	6B06103-Желілер мен жүйелерді әкімшіліктеу 4 курс
26	Зұлбұхаров Ержан Асхатұлы	6B06103-Желілер мен жүйелерді әкімшіліктеу 4 курс
27	Серік Замира Бақтыгерейқызы	6B05401-Қолданбалы математикалық модельдеу 1 курс
28	Боранбай Динара Асанбекқызы	6B01511-Биология 2 курс
29	Абашова Аңсағаным Кундұсқызы	6B01602-Тарих және қоғамтану 2 курс
30	Төлеген Мереке Болатқызы	6B01701-Қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімі 2 курс
31	Сандыбаева Куралай Бауыржановна	6B05202-Экоаналитика 2 курс
32	Амангелдиева Нұрсая Жұмажанқызы	6B05204-Қалдықтарды басқару 2 курс



33	Сариев Дарын Бауыржанович	6B05201-Қолданбалы экология 2 курс
34	Қосжан Ерсултан Бекболатұлы	6B05201-Қолданбалы экология 2 курс
35	Барболқызы Аяұлым	6B01505-Биология пәні мұғалімі 3 курс
36	Сарсенов Ануар Байжанұлы	6B06102-Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару 3 курс
37	Айтқали Жанболат Ерболатұлы	6B06101-Дизайндағы қолданбалы информатика 3 курс
38	Нагим Алишер Нагимұлы	6B06103-Желілер мен жүйелерді әкімшіліктеу 3 курс
39	Серкебаева Аружан Алибековна	6B06102-Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару 3 курс
40	Сайфоллаев Абзал Тұрарбекұлы	6B06103-Желілер мен жүйелерді әкімшіліктеу 3 курс
41	Уапов Назар Жайдарбекұлы	6B06103-Желілер мен жүйелерді әкімшіліктеу 3 курс
42	Файзуллаев Миржан Турарбекұлы	6B06101-Дизайндағы қолданбалы информатика 3 курс
43	Дюсен Данияр Мұхтарұлы	6B06102-Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару 3 курс
44	Әйіп Ислам Әсетұлы	6B06102-Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару 3 курс
45	Жабагин Рустам Муратович	6B06102-Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару 3 курс
46	Узахов Раймбек Наурызбайвич	6B06102-Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару 3 курс
47	Бақытұлы Диас	6B06102-Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару 3 курс
48	Қапұзен Ислам Нұрболатұлы	6B06102-Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару 3 курс
49	Каримова Жаннұр Есенбулатқызы	7M01503-Математика. Білім беру үдерісін басқару 1 курс
50	Омарова Дильназ Шарханқызы	7M01501-Информатика және білім беруді ақпараттандыру 1 курс
51	Шағатаева Аружан Женисовна	7M01703-Шетел тілдері және мәдениетаралық коммуникация 1 курс



Наурыз – түркі өркениетінің рухани коды

Наурыз – түркі өркениетінің терең тамырынан нәр алған, мыңжылдықтар қойнауынан жеткен ұлы мереке. Зерттеушілер оның тарихын бес мың жылдық кезеңмен байланыстырады. Бұл – тек күнтізбелік жаңа жылдың бастауы ғана емес, табиғат пен адам болмысының үндестігін паш ететін рухани құндылық. Көшпенділер өркениетінде Наурыздың “Ұлыстың ұлы күні” атануы бекер емес. Бұл

ұлттық ерекшелікпен астасып, ортақ тарихи тамырды айшықтайды.

Қазақстанда киіз үйлер тігіліп, Наурыз көже дайындалып, алтыбақан құрылса, Қырғызстан мен Өзбекстанда да ұлттық тағамдар әзірленіп, жаппай халықтық серуендер ұйымдастырылады. Түркияда көктем мерекесі ретінде мәдени шаралар, концерттер мен фестивальдер өтсе, Әзербайжанда



атаудың астарында жаңару, тазару, бірлік пен береке ұғымдары жатыр. Көктемгі күн мен түн теңескен шақта тойланатын мереке табиғаттың оянуымен қатар, адам санасының серпілісін де білдіреді. Сондықтан Наурыз – тек табиғат мерекесі емес, қоғамның да рухани жаңғыру кезеңі.

Мерекенің басты қағидасы – татулық. Осы күні ренжіскен жандар татуласып, ағайын-туыс бір-біріне ізгі тілек айтады. Жастар үлкендерден бата алып, әр шаңырақта қазан көтеріліп, береке-бірлік дәріптеледі. Бұл – адамзаттық құндылықтарға негізделген дәстүр. Бүгінде Наурыз түркі әлемінің көптеген елдерінде кеңінен атап өтіледі. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия және Әзербайжан мемлекеттерінде бұл күн

дәстүрлі ойындар мен көне ғұрыптар сақталған. Барлық елдерде дастархан жайылып, жұрт бір-біріне қонаққа барып, татулық пен бірлікті нығайтады. Осылайша Наурыз – түркі халықтарының ортақ тарихи жадын, мәдени сабақтастығын және рухани тұтастығын көрсететін ерекше мереке. Ол ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан құндылықтар жүйесінің айқын көрінісі. Наурызды сақтау мен дәріптеу – тек дәстүрді жаңғырту емес, түркі өркениетінің рухани негіздерін нығайту. Себебі бұл мереке – ұлттық болмыстың, мәдени кодтың және қоғамдық келісімнің символы.

Айгерім ҚЫРҒЫЗБАЕВА,
журналистика мамандығының
2 – курс студенті



Төлеген Жаңабайұлымен кездескен сәт: өмір мен қаламның үндестігі

Есік ашылған сәтте аудитория бір сәтке тына қалды. Қара шашын ақ басқан, төсінде белгісі жарқыраған қария баяу адыммен ішке енді. Сырт көзге сабырлы көрінгенімен, жанарында ұзақ жолдың, ұзақ айдың ізі бар еді. Бұл – біз күткен қаламгер, университетіміздің профессоры, жазушы Төлеген Жаңабайұлы. Орнымыздан тік тұрдық.

– Сәлеметсіз бе!

– Амансыңдар ма, хал-қуаттарың қалай? — деді ол жұмсақ үнмен.

Сол сәттен бастап аудиториядағы атмосфера бірден жібіп, қонақ дәріс басталды. Қаламгер алдымен журналистикадағы жылдарын еске алып әңгімеледі, кейін жазушылық жолға ауысты. Әңгіменің әр тұсы өмірдің үнінен алынған үзінді еді. Төлеген ағаны тыңдап отырып, сөзінен гөрі үніндегі салмақты сездім. Оның әңгімесі аудиторияны өзіне баурап, қызық әрі терең әсер қалдырды. Шамалы уақыттан кейін сөз кезегі студенттерге берілді. Көкейдегі сұрақтарды қою мүмкіндігі туған кезде мен де орнымнан тұрдым.

– Ассалаумағаликүм, Төлеген аға, қош келдіңіз! — дедім мен.

– Қош көрдік, — деп жылымсиды.

– Менің атым Әмірзақ Әмір Рашитулы. Сіз туып өскен Қызылқоға ауданының ұлымын, тұрмыс-тіршіліктің тынысын сезген ауыл баласымын. Көршілес Тасшағыл ауылынанмын, — деп таныстырдым өзімді.

– Есімің кім? Қайталашы, — деп аты-жөнімді қойын дәптеріме түртіп алды. Бұл қаламгердің адамға деген ілтипатының белгісі деп білдім.

– Сіздің шығармашылығыңызбен танысып. Кеше «Малшы ауылдың өрендері» кітабындағы «Шопан мерейі» туындыңызды оқыдым. Басты кейіпкер менің ауылдасым. Малшы жанның еңбегін ұлықтағаныңыз ұнады. Енді менің сұрағым: шығармашылық жолыңызда «Әттеген-ай» деген іштей ойлар болмай ма? Мәселен, белгілі бір тақырыпты толық қозғау керек еді, немесе қаламды көбірек

сермеу керек еді деп ойланасыз ба?

– Иә, сұрағың орынды, Әмір, — деп терең күрсінді. Осы жасыма дейін журналистика саласында біраз жүріп келдім. Жазушылықты тастаған жоқпын, алайда журналистика бағытында біраз уақытты өткізіппін. Міне, балам, осы нағыз «Әттеген-ай». Кейде іштей: «Творчествода неге көп көңіл бөлмедім?» деймін. Шынымен жазатын дүние әлі көп. Бірақ шүкір, осы кезге дейін жазғандарым біраз. Біраз тақырыптың майын іштім, ақ-қарасын аштым. Барына тәубе және қанағат. Сәл кідіріп, сөзін жалғады:

– Әмір, сен айтқан «Малшы ауылдың өрендері» атты кітабым жарық көрді, бірақ толық емес. Кітаптың арғы бетіне басқа жазушының туындысы қосылған. Әрине, ешкімді жазғыра алмаймын, бірақ менің туындымның ең қызықты тұстарын қысқартқаны жанға батты. Осы сөзінен шығармашылық иесінің ішкі жауапкершілігін, өз еңбегіне деген адалдығын аңғардым.

– Жазушылық жол қызық жол, — деп жалғай Төлеген аға. Ой келген сәтте жазып үлгеру керек. Шабыт ұшқыр. Бір әріптесім айтатын: «Жұмыстан қайтар жолда талай ой туады, үйге жеткенде бәрі ғайып болады». Сондықтан ойды ұстап қалу – қаламгердің басты машығы.

Менің қойған сұрағымға осылай жауап алдым. Іштей жадырадым. Ағамыздың әңгімесін қойын дәптеріме түртіп те алдым. Жазушының жадыраңқы мінезі, ішкі шерін сыртқа шығара білуі, асқақтық пен тұлғалық бейнесін аша түсті. Осы кездесу мен үшін тек шығармашылық жолы туралы емес, қаламгердің ішкі әлемін тереңінен сезіну мүмкіндігі болды. Іштегі көптен мазалаған сауалым жауабын тапты. Қазіргі тілмен айтсақ, бір «Гештальт» жабылғандай әсер қалдырды. Ең бастысы мен «Әттеген-айдың» да шығармашылықтың бір бөлігі екенін ұқтым. Ол өкініш емес, өсу нүктесі.

Әмір ӘМІРЗАҚ,
журналистика мамандығының
2 курс студенті

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ФЕЙК АҚПАРАТТЫҢ ТАРАЛУУЫ



Бүгінгі әлем толассыз ақпараттан бір сәт дамыл қақпайды. Адамзат санасы дамуымен ақпарат қабылдау жүйесі айтарлықтай өзгеруде. Қазір бір мезетте бүкіл әлем қол жеткізе алатын дүние – ақпарат. Бір ғана ақпарат қоғам санасын өзгертетін күшке ие. Бірақ ақпараттың сапасы тұтынушыны ойландыра бермейді. Бұлай айтуыма себеп, ақпараттың таралу жолы әртүрлі болуына байланысты. Адамдар үшін ақпарат тұтынуға сүйікті орын – әлеуметтік желілер. Ақпаратты алуда, көруде, бөлісуде оңай әрі жылдам. Кез келген жастағы адам үшін бір күн ақпаратсыз өмір сүру қиын. Қазақстанда 2024 жылдың интернет қолдану статистикасында топ әлеуметтік желілердің қолданылу статистикасы жарияланған. DataReportal платформасының дерегіне, Қазақстанда Whats-up желісін – 93% , Tik-Tok – 76% , Instagram – 74% , You-Tube – 70% қолданатындығы көрсетілген. Аталған әлеуметтік желілерде таралатын ақпараттар тексеріле бермейді. Ақпараттың таралу жолы әртүрлі. Кейбір манипулятивті видеолар, шындықты бұрмалау мақсатындағы мәтіндер мен суреттер қоғамда резонанс тудырады. Осы тұрғыда фейк ақпаратпен күрес-

заман талабына айналды. Әлеуметтік желідегі фейк ақпарат қалай таралады? Әлеуметтік желі – бүгінгі заманның мінбері. Бірақ сол мінберде шындық пен фейк қатар сөйлеп тұр. Фейк ақпарат жәй ғана жалған сөз емес, тұтас сенімді бұзатын үнсіз қауіп. Фейк ақпарат уақытты таңдамайды. Күн бе түн бе тәулікке бағынбайды, үнсіз өз жұмысын жасайды. Бір адам көреді, екіншісі сенеді, үшіншісі бөліседі, келесі адам құрбан болады. Жалған ақпараттың мақсаты осы – тұтас қоғам сенімін иелену, санаға соққы жасау. Фейк ақпаратпен күресу тек медиа мамандарына емес қарапайым тұлғаға ауадай қажет. Оның басты шарты – медиасауатты болу. Қазір еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін смартфонда, әлеуметтік желіде отырады. Бірақ екіншісі бірі медиасауаттылықты меңгере бермейді. Медиасауаттылық – адамның ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны таңдай білуі, жалған ақпаратты ажырата білуі, әр дерекке сыни көзбен қарай алуы және жауапкершілікпен бөлісе алуы. Қазіргі уақытта әлеуметтік желіде жиі отыратын қоғам бөлігі жастар. Әлеуметтік желілердің дамуы ақпарат тарату жылдамдығын арттырды. Алайда бұл үдеріс

жалған ақпараттың да кеңінен таралуына себеп болып отыр. Осыған байланысты университетімізде студенттер арасында ақпараттың шынайылығын анықтау мәселесіне қатысты шағын сұхбат жүргізілді. 4 – курс студенті Закаров Ерасылдың айтуынша, кез келген ақпаратты қабылдамас бұрын оның дереккөзіне назар аудару маңызды. «Егер белгілі бір ақпаратты оқысам немесе көріп жатсам, ең алдымен оны жариялаған парақшаға мән беремін. Парақша ресми болса, ақпараттың шынайылығына сенім артуға болады. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде ақпарат өте көп таралады. Сондықтан жалған ақпаратты анықтау үшін оны міндетті түрде тексеру керек деп ойлаймын», – дейді студент. Сонымен қатар блогерлер тарататын жаңалықтарға сақтықпен қарайтынын жеткізді. Оның пікірінше, блогерлер қоғамда болып жатқан кейбір мәселелерді көтергенімен, көп жағдайда бұл әрекеттер нақты нәтиже бермейді. Олар көбіне назар аударту мен хайпқа басымдық береді. Сол себепті, сенімді ақпарат алу үшін кәсіби журналистер мен ресми билік өкілдерінің мәліметтеріне жүгінген дұрыс деп есептейді. Осы сұхбат нәтижесі қазіргі жастардың

ақпаратты қабылдауда бұрынғыдай бейқам емес екенін аңғартады. Студенттер кез келген мәліметке бірден сенбей, оның дереккөзіне назар аударып, салыстырып көруге тырысады. Бұл – жастар арасында ақпараттық сауаттылықтың біртіндеп қалыптасып келе жатқанын көрсететін маңызды белгі. Әлеуметтік желілердің ықпалы күшейген заманда жалған ақпаратқа сын көзбен қарау, ресми дереккөздерге жүгіну және ақпаратты тексеру дағдысы жастар үшін аса қажетті қабілетке айналып отыр. Статистика бойынша 70% – дан астам студент ақпараттың шынайылығын растау үшін бірнеше дереккөзге жүгінетінін айтады. Бұл жастардың ақпаратқа сыни көзбен қарай бастағанының айғағы. Дегенмен, әлеуметтік желідегі танымал тұлғалар мен блогерлердің айтқанына сеніп қалатындар да аз емес. Көп жағдайда эмоция мен жылдам ақпарат тарату ниеті фактілерді тексеруден бұрын тұрады. Сондықтан медиасауатты болу тек жалған жаңалықтан қорғану емес, саналы түрде ақпарат қабылдап, оны саралай білудің мәдениеті. **Жанна МАҚСҰТҚЫЗЫ,**
Журналистика мамандығының
4 – курс студенті

СҰЛУЛЫҚ ӘЛЕМДІ ҚҰТҚАРАДЫ МА?

Сұлулық адамзат қоғамында ежелден ерекше мәнге ие ұғымдардың бірі. «Сұлулық әлемді құтқарады» деген қанатты сөздің мағынасы да осы құндылықтың адам өміріндегі орнын аңғартады. Дегенмен сұлулық ұғымын әр адам әртүрлі түсінеді. Біреулер табиғаттың әсемдігін сұлулық деп қабылдаса, енді біреулер адамның сыртқы келбетіне назар аударады. Табиғаттың сұлулығына адам баласы әрқашан сүйсініп, таңғалып келеді. Таудың асқақтығы, өзеннің мөлдірлігі, гүлдің нәзіктігі – бәрі де адамға ерекше әсер сыйлайды. Ал адамның сыртқы сұлулығы да көпшіліктің назарын өзіне аударады. Әдемі жанды көргенде қызығып, тамсанып, кейде іштей қызғанып та жатамыз. Көптеген халықтардың түсінігінде сұлулықтың өзіндік белгілері қалыптасқан. Мәселен, сұңғақ бой, аршын төс, бөкен сан, ашаң аппақ жүз, қыр мұрын, қиғаш қас, күлім көз, қолаң шаш сияқты сипаттар сұлу адамның бейнесін айқындайды. Мұндай келбет адамдарды таңғалдырып, тамсандырып қана қоймай, кейде ғашық та қылады. Сұлулық көздің жауын алып, адамның эстетикалық сезімін оятады. Алайда бүгінгі қоғамда сұлулық туралы түсінік біршама өзгеріп келеді. Қазіргі уақытта адамдар сыртқы келбетін жетілдіру үшін косметологиялық процедуралар мен пластикалық операцияларға жиі жүгінеді. Бұл құбылыс сұлулықтың табиғи болмысы мен жасанды өзгерісінің арасындағы

жаңа пікірталастарды туындатып отыр. Ежелгі дәуірлерде сұлулықтың өлшемі көбіне табиғатпен байланыстырылды. Мысалы, қазақ халқы қыз баланың сұлулығын «қолаң шашты, қара көзді, ақ жүзді» деп сипаттаған. Бұл – табиғи келбетке негізделген эстетикалық түсінік. Халық ауыз әдебиетінде де сұлу қыздардың бейнесі ерекше суреттеледі. Мысалы, «Қыз Жібек» жырында Жібектің сұлулығы оның табиғи ажарымен, нәзіктігімен және тәрбиесімен байланыстырылады. XXI ғасырда сұлулық түсінігі едәуір өзгерді. Қазіргі уақытта адамдар сырт келбетін өзгерту үшін косметикалық процедуралар мен пластикалық операцияларға жиі жүгінеді. Әсіресе шоу-бизнес өкілдері мен әлеуметтік желідегі танымал тұлғалар арасында бұл құбылыс кең таралған. Пластикалық хирургия адамның мұрын пішінін түзету, бет әлпетін жасарту, ерін көлемін үлкейту сияқты түрлі эстетикалық өзгерістер жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, әлемдік шоу-бизнес жұлдыздарының арасында пластикалық операция жасатқан адамдар көп кездеседі. Танымал тележұлдыз Ким Кардашьян өзінің сырт келбетін жақсарту үшін бірнеше косметикалық процедуралар жасағаны туралы жиі айтылып жүр. Сол сияқты америкалық әнші Майкл Джексон да мұрын пішінін өзгерту үшін бірнеше рет пластикалық операция жасатқан. Бұл мы-

салдар қазіргі қоғамда сұлулықты жетілдіру үшін хирургиялық әдістерді қолдану қалыптасқан құбылысқа айналғанын көрсетеді. Қазақстанда да пластикалық хирургияға жүгінетін адамдар саны жыл сайын артып келеді. Әсіресе мұрын пішінін түзету (ринопластика), қабаққа операция жасау, ерін пішінін өзгерту сияқты процедуралар кең таралған. Кейбір танымал блогерлер мен шоу-бизнес өкілдері де өздерінің пластикалық операция жасағанын ашық айтып, әлеуметтік желіде бөліседі. Бұл қоғамда сұлулық стандарттарының өзгеріп жатқанын байқатады. Дегенмен, сұлулық тек сырт келбетпен ғана өлшенбейді. Көптеген ғалымдар мен психологтар адамның ішкі мәдениеті, мінезі, рухани байлығы да сұлулықтың маңызды бөлігі екенін айтады. Шынайы сұлулық адамның жүріс-тұрысынан, сөйлеу мәдениетінен және айналасына деген қарым-қатынасынан көрінеді. Қорытындылай келе, сұлулық – уақытпен бірге өзгеретін күрделі әлеуметтік әрі мәдени құбылыс. Қазіргі қоғамда пластикалық хирургия адамның сырт келбетін өзгертуге мүмкіндік берсе де, табиғилық пен ішкі мәдениет әрдайым шынайы сұлулықтың негізі болып қала береді. **ЖАНЕЛЬ Жұмағұлова**
Журналистика мамандығының
1 – курс студенті

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Г.Қайырғалиева – кеңесші
С.Қайрат – бас редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
Е.Қабделов – фотограф

Редакция:

«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Н. Сапарова
А.Өтемісқызы
М.Сүлейменова
электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #1208 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 500 дана